***Түйін.** Мақалада Қазақстан Республикасының заңнамасында тәрбиелік ықпал етудің мәжбүрлеу шаралары институтының даму ретроспективасы қарастырылады. Заң актілеріне талдау жүргізіледі, оның ықпалымен кәмелетке толмағандарға қатысты қылмыстық саясат тарихи дамудың әртүрлі кезеңдерінде репрессивтіліктен ізгілендіруге бағытын түбегейлі өзгертті. Автор тәрбиелік ықпал етудің мәжбүрлеу шараларының мәнін ашады және осы институттың кәмелетке толмағандардың қылмыстылығы басымдығы әлеуетін пайдалану қажеттілігі туралы қорытындыға келеді.*

***Түйінді сөздер:** кәмелетке толмағандар, жауаптылық, жазадан босату, тәрбиелік ықпал етудің мәжбүрлеу шаралары, ізгілік.*

***Аннотация.** В статье рассматривается ретроспектива развития института принудительных мер воспитательного воздействия в законодательстве Республики Казахстан. Проведен анализ законодательных актов под влиянием которых уголовная политика в отношении несовершеннолетних на разных этапах исторического развития кардинально меняла свое направление от репрессивности к гуманизации. Автор раскрывает суть принудительных мер воспитательного воздействия и приходит к выводу о необходимости использования потенциала данного института в превенции преступности несовершеннолетних.*

***Ключевые слова:** несовершеннолетние, ответственность, освобождение от наказания, принудительные меры воспитательного воздействия, гуманизация.*

***Annotation.** The article considers a retrospective of the development of the Institute of compulsory measures of educational influence in the legislation of the Republic of Kazakhstan. The analysis of legislative acts under the influence of which the criminal policy in relation to minors at different stages of historical development changed its direction from repressiveness to humanization. The author reveals the essence of compulsory measures of educational influence and comes to the conclusion that it is necessary to use the potential of this institution in preventing juvenile delinquency.*

***Key words:** minors, responsibility, release from punishment, compulsory measures of educational influence, humanization.*

На протяжении длительного исторического периода (от античных времен до XIX века) правосудие в отношении несовершеннолетних носило ярко выраженный карательный характер [1, с.50].

Это обуславливалось отсутствием в юридической практике правового понятия «несовершеннолетний», как особо защищаемого субъекта правоотношений, вследствие чего дети привлекались к уголовной ответственности наравне со взрослыми правонарушителями.

По казахскому обычному праву за совершенные преступные деяния ответственность наступала с 13-ти лет. Именно с этого возраста возникало право создавать семью и вступать в брак, что подразумевало юридическую зрелость лиц данного возраста, а также способность отвечать за свои поступки и проступки.

Подобная правовая система сложилась не только в Казахском ханстве конца XVII века, но и имела место в России, Бельгии, Франции и Швеции.

Так, по судебным летописям Франции, к уголовной ответственности привлекались дети, не достигшие 6-летнего возраста [2, с.240].

Ситуация изменилась в годы гражданской войны (начало XX века), когда резко возросло число беспризорных малолетних преступников заполонило союзные государства.

Данное обстоятельство потребовало принятия превентивных мер по минимизации детской преступности, в т.ч. путем полного отказа от уголовной ответственности несовершеннолетних со смещением акцента на предупредительно-воспитательную работу.

Ответом на вызов стал Декрет Совета народных комиссаров РСФСР от 14 января 1918 года «О комиссиях для несовершеннолетних», упразднивший суды и тюремное заключение для малолетних.

С этого времени дела о несовершеннолетних в возрасте до 17 лет, замеченных в общественно-опасных деяниях, рассматривались исключительно комиссиями о несовершеннолетних (далее - Комиссия). Комиссия, деятельность которой носила педагогическую направленность, могла либо освободить несовершеннолетнего от наказания, либо направить его в одно из убежищ Народного Комиссариата общественного призрения, своего рода аналог ныне функционирующих специальных школ [3].

В декабре 1919 года, принят другой законодательный акт – Руководящие начала по уголовному праву РСФСР, который, по сути, ужесточил правила привлечения несовершеннолетних к уголовной ответственности, отказавшись от лозунга Советской власти - «Для детей нет суда и тюрьмы».

Согласно статье 13 Руководящих начал к лицам, не достигшим 14-ти лет, применялись воспитательные меры. Такие же меры применялись к лицам в возрасте от 14 до 18 лет, действовавших «без разумения», т.е. не осознанно. В случае совершения последними преступления «с разумением» вопрос об их наказании решался судом [4].

Новая редакция статьи 13 Руководящих начал от 12 марта 1920 года привнесла свои коррективы в сложившуюся практику. Теперь для применения мер воспитательного воздействия к лицам в возрасте от 14-ти до 18 лет не требовалось выяснять вопрос об их «разумении» [5, с.18].

Следует отметить, что ни один из действовавших на тот исторический период законодательных актов не регламентировал вопросы деятельности Комиссии. В этой связи, 19 июня 1920 года вступила в силу Инструкция комиссиям по делам несовершеннолетних, установившая единообразную практику работы данного органа.



В документе раскрывались основания, при наличии которых Комиссии должны передавать дело несовершеннолетнего в суд, а также указаны виды мер медико-педагогического характера, применяемые к подросткам.

Таковыми являлись «беседа, разъяснение, замечание воспитателя; внушение и оставление на свободе под присмотром родителей, родственников и «обследователей»; помещение в школу; определение на ту или иную работу; отправка на родину; помещение в детский дом или лечебно-воспитательную колонию; помещение в специальное изоляционное отделение психиатрического учреждения» [6].

Принятый позже Уголовный кодекс РСФСР 1922 года снизил предельный возраст применения мер медико-педагогического воздействия до 16-ти лет (ст. 18 УК) [7].

Уголовный кодекс РСФСР 1926 года (ст. 12) сохранил положения Уголовного кодекса 1922 года, касающиеся лиц в возрасте от 14-ти до 16-ти лет, а также ввел понятие мер «социальной защиты медико-педагогического характера» (ст. 25). К ним отнесены «отдача несовершеннолетнего на попечение родителей, родственников, если таковые имеют возможность его содержать, или иных лиц и учреждений, а также помещение в специальное лечебно - воспитательное заведение» [8].

В середине 40-х годов XX века в Советском Союзе был принят ряд актов, ужесточивших ответственность несовершеннолетних лиц. В частности, отменены нормы, предоставлявшие право применять к данной категории лиц меры медико-педагогического характера, ликвидированы сами Комиссии, а также введена уголовная ответственность за ряд преступлений с 12-летнего возраста.

Так, ст. 10 уголовного закона с учетом изменений, внесенных постановлением ЦИК и СНК СССР от 5 апреля 1935 года предстала в следующей редакции «Несовершеннолетние, достигшие 12-летнего возраста, уличенные в совершении краж, в причинении насилия, телесных повреждений, увечий, в убийстве или попытке к убийству, привлекаются к уголовному суду с применением всех мер наказания» [9].

По мнению д.ю.н. Борчашвили И.Ш. и к.ю.н. Интыкбаева М.К., «в указанных актах нашла отражение господствовавшая в то время ошибочная точка зрения о принуждении как универсальном средстве борьбы с преступностью» [10, с.50].

В послевоенный период в советском государстве воспитательный потенциал мер правового воздействия начинает вновь превалировать над карательным, что находит отражение в правовых актах того времени.

К примеру, в 1957 году принимается «Положение о комиссиях по устройству детей и подростков при Советах Министров автономных республик и исполкомах краевых, областных, окружных, городских, районных Советов депутатов трудящихся». На Комиссию возлагались задачи по предупреждению детской безнадзорности, устройству детей и подростков и охране их прав.

Уголовный кодекс Казахской ССР 1959 года, действовавший на территории Казахстана с 1960 по 1997 годы, достаточно четко очертил круг несовершеннолетних, подлежащих ответственности. С этого момента субъектами преступления признавались лица, достигшие 16-ти лет, а также в возрасте от 14-ти до 16-ти лет – по ряду тяжких и особо тяжких преступных деяний. Здесь же закреплялись основания применения судом принудительных мер воспитательного характера к лицам до 18-ти лет, а также их освобождения от уголовной ответственности.

В обоих случаях суду надлежало установить, что исправление лица, совершившего преступление, не представляющего большой общественной опасности, возможно без применения уголовного наказания. В случае освобождения несовершеннолетнего от уголовной ответственности суд направлял дело в Комиссию для применения принудительных мер воспитательного характера.

Уголовный закон Казахской ССР существенно расширил виды мер, применяемые к несовершеннолетним, отнеся к ним «возложение обязанности публично или в иной форме, принести извинение потерпевшему; объявление выговора или строгого выговора; предостережение; возложение на несовершеннолетнего, достигшего 15-летнего возраста, обязанности возместить причиненный ущерб на определенных Кодексом условиях; передача несовершеннолетнего под строгий надзор родителям или лицам, их заменяющим; передача несовершеннолетнего под наблюдение трудовому коллективу, общественной организации, с их согласия, а также отдельным гражданам по их просьбе; помещение несовершеннолетнего в специальное учебно-воспитательное или лечебно-воспитательное учреждение» [11].

После обретения независимости страна продолжила курс на защиту детства с учетом рекомендаций международных документов. «Дети – наиболее уязвимая и самая незащищенная часть нашего общества, и они не должны быть бесправными. Любой ребенок, который родился на нашей земле, – казахстанец. И государство должно заботиться о нем», - отмечено Лидером нации Н.А. Назарбаевым в стратегии «Казахстан-2050» [12].

Уголовный кодекс Республики Казахстан от 16 июля 1997 года посвятил вопросам уголовной ответственности несовершеннолетних отдельный раздел, где нормы были четко систематизированы и учитывали возрастные и психологические особенности лиц.

Первоначальная редакция ст. 81 Уголовного кодекса «Освобождение от наказания несовершеннолетних» предусматривала возможность освобождения судом несовершеннолетнего от наказания, «в случае если это лицо впервые осуждено за совершение преступления небольшой или средней тяжести, а также, если судом будет признано, что его исправление может быть достигнуто путем применения принудительных мер воспитательного воздействия» [13].

Далее поправки, внесенные Законом Республики Казахстан от 9 декабря 2004 года, предусмотрели возможность освобождения судом

несовершеннолетнего не только от наказания, но и от уголовной ответственности [14].

Освобождение несовершеннолетнего от уголовной ответственности с применением к нему принудительных мер воспитательного воздействия стало возможным при наличии следующих условий:

- совершение преступления небольшой тяжести;
- совершение преступления средней тяжести впервые;
- совокупность характеризующих личность несовершеннолетнего данных, позволяющих суду сделать вывод о том, что его исправление возможно без привлечения к уголовной ответственности.

Следующим не менее важным правовым актом, минимизировавшим основания применения к несовершеннолетним уголовного наказания и ужесточившим уголовную ответственность за посягательства на них стал Закон Республики Казахстан от 23 ноября 2010 года «О внесении изменений и дополнений в некоторые законодательные акты Республики Казахстан по вопросам обеспечения защиты прав ребенка» [15].

В соответствии с указанным законом, несовершеннолетний, впервые совершивший тяжкое преступление, не связанное с причинением смерти или тяжкого вреда здоровью человека, мог быть освобожден судом от уголовной ответственности, если он примирился с потерпевшим и загладил причиненный ему вред. При освобождении от ответственности к лицу применялись принудительные меры воспитательного воздействия.

Виды принудительных мер воспитательного воздействия нашли закрепление в ч.1 ст. 82 Уголовного кодекса 1997 года, к которым отнесены: предупреждение; передача под надзор родителей или лиц, их заменяющих, либо специализированного государственного органа; возложение обязанности загладить причиненный вред; ограничение досуга и установление особых требований к поведению несовершеннолетнего; помещение в организацию образования с особым режимом содержания; возложение обязательства принести извинения потерпевшему.

При этом, к несовершеннолетнему могло применяться одновременно несколько мер из числа вышеуказанных.

Как видно, перечень мер воздействия претерпел значительные изменения. К примеру, утратила актуальность мера в виде объявления выговора или строгого выговора, введено ограничение досуга и установление особых требований к поведению несовершеннолетнего, предупреждение. За умышленное совершение тяжкого преступления либо средней тяжести подростки могут быть направлены в организации образования с особым режимом содержания.

В отличие от всех предыдущих кодексов новый раскрыл содержание и сроки применения принудительных мер воспитательного воздействия в отдельной статье, а также установил основания отмены данных мер с привлечением лица к уголовной ответственности.

Так, п. 10) ст. 83 Уголовного кодекса предусматривает, что в случае систематического неисполнения несовершеннолетним принудительной меры воспитательного воздействия она может быть отменена судом по представлению специализированного государственного органа с постановкой вопроса о привлечении к уголовной ответственности.

Следует отметить, что с 2015 года в Казахстане действует новая редакция Уголовного кодекса, направленная на модернизацию уголовного закона для усиления борьбы с преступностью в современных условиях, повышения уровня защищенности прав граждан, интересов государства.

Вопросы ответственности несовершеннолетних в рассматриваемом нами контексте существенных изменений не претерпели.

Таким образом, анализ уголовного законодательства свидетельствует о нестабильности уголовной политики в отношении несовершеннолетних, что отражает господствовавшие в обществе взгляды, на разных исторических этапах, на методы и средства борьбы с преступностью.

Помимо этого, хотелось особо подчеркнуть, что и ранее действовавшее законодательство, и ныне действующий уголовный закон не содержат определения принудительных мер воспитательного воздействия, их конкретные цели, не определена и их правовая природа.

Это те вопросы, которые требуют своего дальнейшего научного исследования и законодательного разрешения.

Вместе с тем, как мы уже успели заметить, преодолев вековой путь развития и реформ, принудительные меры воспитательного воздействия упрочили свои позиции в уголовном законе нашей страны и являются эффективным механизмом в защите прав и свобод детей в уголовном процессе.

#### **Список литературы:**

1. Новицкий Н.Б. Римское право. - М., 1995. – 150 С.
2. Ворожейкин Е.М. Речи в политических и уголовных процессах. Изд. Института международных отношений. - М.: 1959.- 245 С.
3. Декрет Совета народных комиссаров РСФСР «О комиссиях для несовершеннолетних» от 14.01.1918 г. <https://ru.wikisource.org/wiki/> дата обращения 06.03.2020
4. СУ РСФСР. 1919. №66. Ст. 590.
5. Гаверов Г.С. Обице начала назначения наказания по советскому уголовному праву: учебное пособие. - Иркутск: Изд-во Иркутского университета, 1976. – 25 С.
6. СУ РСФСР. 1920. № 68. Ст.308.
7. О введении в действие Уголовного Кодекса РСФСР от 01.06.1922 г.: постановление ВЦИК <http://www.law.edu.ru/> дата обращения 05.03.2020
8. О введении в действие Уголовного Кодекса РСФСР редакции 1926 года: постановление ВЦИК от 22.11.1926 г. <http://www.consultant.ru/> дата обращения 6.03.2020
9. О введении в действие Уголовного Кодекса Р.С.Ф.С.Р. редакции 1926 года: постановление ВЦИК от 22.11.1926 г. В редакции 01.03.1957 г. <http://avkrasn.ru/article-683.html>// дата обращения 06.03.2020
10. Борчашвили Б.Ш., Интыкбаев М.К., Уголовная ответственность несовершеннолетних: Учебное пособие.– Алматы: Жеті жарғы, 2007. – 157 С.
11. Уголовный кодекс Казахской ССР от 22.07.1959 г. <http://adilet.zan.kz/> дата обращения 04.03.2020

12. Стратегия «Казахстан-2050»: новый политический курс состоявшегося государства: Послание Президента Республики Казахстан от 14.12.2012 г. <https://www.akorda.kz>

13. Уголовный кодекс Республики Казахстан от 16.07.1997 г. <http://adilet.zan.kz/> дата обращения 06.03.2020

14. О внесении изменений и дополнений в Уголовный, Уголовно-процессуальный, Уголовно-исполнительный кодексы Республики Казахстан и Кодекс Республики Казахстан об административных правонарушениях по вопросам упрощения процедур расследования уголовных дел, декриминализации некоторых составов преступлений и совершенствования законодательства об административных правонарушениях: Закон Республики Казахстан от 09.12.2004 г. №10. <http://adilet.zan.kz/> дата обращения 03.03.2020

15. О внесении изменений и дополнений в некоторые законодательные акты Республики Казахстан по вопросам обеспечения защиты прав ребенка: Закон Республики Казахстан от 23.11.2010 г. № 354-IV <http://adilet.zan.kz/> дата обращения 06.03.2020

**Көшербаев Серік Балтабайұлы**

М.Х. Дулати атындағы Тараз мемлекеттік университетінің  
оқытушысы, юриспруденция магистрі,  
Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

**АР-НАМЫС ПЕН ҚАДІР ҚАСИЕТТІ, ЖАЛА ЖАБУДЫ  
ҚЫЛМЫСТЫҚ ҚҰҚЫҚТЫҚ ҚОРҒАУ МӘСЕЛЕЛЕРІ**

***Түйін.** Мақалада ар-намыс пен қадір-қасиетті қылмыстық құқықтық тұрғыдан қорғауды жетілдіру мәселелері қаралады, шет елдердің заңнамаларымен салыстырмалы түрде талдау жасалып, нақты ұсыныстар беріледі.*

***Түйінді сөздер:** ар-намыс, қадір-қасиет, қылмыстық құқықтық тұрғыдан қорғауды жетілдіру, шет елдердің заңнамаларымен салыстырмалы түрде талдау.*

***Аннотация.** В статье рассматриваются вопросы совершенствования уголовно-правовой защиты чести и достоинства, проводится сравнительный анализ законодательства зарубежных стран, даются конкретные рекомендации.*

***Ключевые слова:** честь, достоинство, совершенствование уголовно-правовой защиты, сравнительный анализ с законодательством зарубежных стран.*

***Annotation.** The article considers the issues of improving the criminal legal protection of honor and dignity, conducts a comparative analysis of the legislation of foreign countries, and gives specific recommendations.*

***Key words:** honor, dignity, improvement of criminal legal protection, comparative analysis with the legislation of foreign countries.*

Қазақстан Республикасы тәуелсіздік алған жылдардан бастап демократиялық, құқықтық мемлекет құруға ұмтылып, ол туралы 1995 жылғы Конституциясының 1-бабында келтірді [1]. Кеңес Одағының құрамында болып барлық саяси және экономикалық жоспарларды әкімшіл-әміршіл жүйемен орындауға үйреніп қалған, өзіндік жеке саяси көзқарастарын ашық айтып, көпшілікке жариялап үйренбеген қазақстандықтар үшін алғашқыда бұл жат болып көрінген сияқты. Бірақ та, соңғы жылдары халықтың саяси-рухани және құқықтық мәдениеті мен сауаттылығы артып, өз құқықтары мен бостандықтарын түсініп, оны қорғауға белсенді араласып, іске асыра бастаған сияқты. Өйткені сотқа әр түрлі құқықтарын қорғау бойынша шағымданудың саны жыл санап өсіп келеді. Демократиялық және құқықтық мемлекет құру үшін алдымен азаматтық қоғамды қалыптастыру қажет. Ол да өте маңызды, ұйықтап жатқан қоғамды оятушы, адам мен азамат өз құқықтары мен бостандықтарын еркін жүзеге асыра алатын қоғам.

Соңғы екі жылда мемлекет басшылығын алған Қ.К. Тоқаев бастаған биліктің саяси түсінігі өзгеріп, азаматтық қоғам қалыптастыруда және оған қатысты нақты құқықтық реформалар арқылы қадамдар жасала бастады. Азаматтық қоғамның ең маңызды белгілердің бірі – адам құқықтарын

қорғаудағы тәуелсіз бұқаралық ақпарат құралдарының билік тарапынан еш қысымсыз еркін жұмыс істеуі.

Адамның ар-намысы мен қадір-қасиетін, іскерлік беделі мен абыройын құқықтық қорғау мәселесі немесе институты Қазақстан Республикасының заңнамасында шет мемлекеттердің заңнамаларымен салыстырғанда әлі де жас, терең зерттелмеген тақырыптардың бірі деп тануға болады. Шет мемлекеттердің, оның ішінде ағылшын-саксондық құқықтық жүйе елдерінде материалдық емес игіліктерді құқықтық қорғауға арналған көптеген нормативтік актілердің жүйесі жоғары дамыған және тәжірибеде мүліктік емес игіліктерді қорғау жоғары сапалы деңгейде жүргізіледі. Біздің елдің өзіндік ділі мен мәдениеті, дәстүрі мен ғұрпына сәйкес, сондай-ақ ұлттық құқықтық жүйесінің өзіндік ерекшелігіне сәйкес бұл мәселе қазақстандықтардың өзіне тән әдістермен шешілуі тиіс.

Кез-келген мемлекетте азамат ар-ұят, қадір-қасиет, намыс пен абырой сияқты басқа да адами құндылықтарға ие және олар заңмен қорғалатын игіліктер. Бұл құндылықтарды адамгершілік пен әділдікке негізделген заңнама сақтайды. Осы адам бойындағы құндылықтар мен қасиеттер оның қоғамдық және құқықтық санасын қалыптастырады. Ертедегі қазақ жеріндегі әдет-ғұрып құқық жүйесі осыдан бастау алғаны белгілі. Қазақ халқының әдет-ғұрып нормалары ең алдымен адам құндылықтарын, еркіндікті, бостандықты, теңдікті әділдік пен адамгершілікті қолдаған.

1946 жылы 14 желтоқсанда БҰҰ Бас Ассамблеясы өзінің бірінші сессиясында 59 (I) «ақпарат бостандығы туралы сұрақ бойынша халықаралық конференцияны шақыру» туралы резолюциясын қабылдады, онда «Ақпарат бостандығы адамның негізгі құқығы және Біріккен Ұлттар Ұйымы өздерін қорғауға арнаған барлық басқа бостандық түрлерінің өлшемі болып табылады» деп жарияланған [2].

Өз пікірі мен ойын еркін жеткізу, ақпараттарды еш кедергісіз алу мен тарату Қазақстан Республикасы 2006 жылы 24 сәуірде ратификациялаған БҰҰ 1966 жылғы 16 желтоқсандағы «Азаматтық және саяси құқықтар туралы» халықаралық пактімен де қорғалған [3].

Қазақстан Республикасы Конституциясының 20-бабы сөз және шығармашылық бостандығына кепілдік береді және цензураға тыйым салады. Сонымен қатар, әркімнің заңмен тыйым салынбаған кез-келген әдістермен ақпараттарды еркін алуға және таратуға құқығы бар екендігі бекітілген [1].

Соттық дауларды қарау кезінде азаматтардың мүліктік емес жеке құқықтары мен ақпараттарды еркін алу мен тарату, өз ойын еркін жеткізу құқықтары арасындағы теңдікті сақтау сот органдарының қағидалық міндеті болып табылады.

Жылдар бойы кіршіксіз жиналған іскерлік бедел мен қадір қасиет, ар-намыс қазіргі кезде техника мен технологияның дамыған заманында ақпараттың жылдам таралуы нәтижесінде бір сәтте абыройдан айыруы мүмкін. «Адам құқықтары туралы» 1948 жылы 10 желтоқсанда БҰҰ үшінші сессиясында 217 А (III) резолюциямен қабылданған Декларацияда жеке

тұлғаның ар-намысы мен қадір-қасиетіне қол сұғылмау маңызды адам құқығы ретінде жариялануы оны бүкіл әлемде құқықтық тұрғыдан реттеуге негіз болды. Адам құқықтары туралы дүниежүзілік декларацияны қолдап өздеріне ратификациялаған барлық елдердің Конституциялары адам құқықтарына ерекше мән бере бастады. Мысалы, Қырғыз Республикасы Конституциясының 29 және 31-баптарына сәйкес жеке өмірге қол сұғылмау, ар-намыс пен қадір-қасиетті қорғау, өз ойын еркін айту адамның конституциялық құқығы ретінде бекітілген [5]. Қырғызстанда соңғы жылдары ар-намыс, қадір-қасиет және іскерлік беделді қорғау бойынша заңнамалар мәнді және мазмұнды өзгерістерге ұшырады. Сол өзгерістердің ішіндегі, ең маңыздыларының бірі, Қырғыз Республикасының Қылмыстық кодексі бойынша жала жабу мен қорлау үшін қылмыстық жауаптылықты алып тастап, оларды азаматтық және әкімшілік құқықтық қатынастарға жатқызды. Сөйтіп, 2015 жылы 13 ақпанда Қырғыз Республикасы Жоғарғы Сотының «Азаматтардың ар-намыс, қадір-қасиетін және іскерлік беделін қорғау туралы істерде сот тәжірибесі туралы» №4 қаулысы қабылданды.

Қырғызстанда Жала жабу 2011 жылы 11 шілдеде ҚР Қылмыстық кодексіне №89 Заңмен өзгерістер мен толықтырулар енгізіліп 127-бап «Жала жабу» күшін жойған болатын. Ал 128-бап «Қорлау» Қырғыз Республикасы Жоғарғы Сотының Конституциялық палатасының 2013 жылғы 6 қарашадағы № 8-Р шешімімен күшін жойды. Қырғыз Республикасының қазіргі 2019 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енген жаңа Қылмыстық кодексінде бұл екі бап та алынып тасталған [6].

Қазақстан Республикасының жаңа Қылмыстық кодексіндегі Жала жабуды қылмыстық құқық бұзушылықтан арылтуды Сөз бостандығын қорғау жөніндегі «Әділ сөз» халықаралық қоры бірнеше рет өздерінің дөңгелек үстелдері мен жиналыстарында ұсынған болатын. Бірақ, бізде, керісінше 2014 жылғы 3 шілдедегі қабылданған Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінің 130-бабында Жала жабу және 131-бында Қорлау адамның абыройы мен қадір-қасиетіне нұқсан келтіретін немесе оның беделін түсіретін немесе кемсітетін әрекеттер құқық бұзушылық ретінде анықталып, жауаптылық көзделген [7].

Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Н.Ә. Назарбаев 2011 жылы 31 наурызда «Вашингтон Пост» газетіне жариялаған мақаласында қоғамды демократияландыру жолындағы келесі қадам жала жабу мен қорлауды қылмыстық құқық бұзушылықтан арылту болады деп жариялаған болатын [8]. Бұл үндеуді ең алдымен қазақстандық журналистер қуана қарсы алған болатын. Бірақ та, жоғарыда атап кеткендей біздің заңнамаларымыз «Қазақстан – 2050» даму стратегиясынан кейін күрделі реформалауға ұшырағанымен, Қылмыстық кодекс пен Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексте жала жабу қылмыс ретінде қалдырылды. Онымен қоса, 2019 жылы 21 тамызда өткен "Nur Otan" партиясы Саяси кеңесі Бюросының отырысында Н. Назарбаев жалған ақпарат пен жала жабуға қарсы күресті күшейту қажеттілігін айтты. Бұл әсіресе, азаматтардың абырой-беделіне нұқсан келтіретін жалған ақпарат тарататын көптеген аноним дереккөздер, жалған аккаунттар мен парақшаларға қатысты.



Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрі Д. Абаев Елбасының сөзіне түсініктеме бере отырып: «Бұл – жалпыәлемдік үрдіс және демократиясы дамыған мемлекеттердің өзі жала жабу туралы норманы күшейтіп жатыр. Германияда жалған хабар таратқан басылымға 50 млн. еуроға дейін айыппұл салу, БАҚ қолдану арқылы жала жапқаны үшін 5 жылға бас бостандығынан шектеу сынды түзетулер қабылданды» [9] деді.

Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитетінің соңғы статистикалық есеп мәліметтеріне сәйкес 2020 жылдың 2 айында (қаңтар-ақпан) ҚР ҚК 130, 131-баптары бойынша қозғалған немесе тіркелген қылмыстар жоқ [10].

Қазіргі кезде Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 1992 жылғы 18 желтоқсандағы №6 «Сот тәжірибесінде азаматтардың және заңды тұлғалардың ар-намысы мен абыройын және іскерлік беделділігін қорғау жөніндегі заңдылықты қолдану туралы» нормативтік қаулысы қабылданып, міндетті түрде мүліктік емес азаматтық сот істерін қарағанда қолданылады. Сонымен қатар, моральдық залалдарды өндіріп алуға, ар-намысты, қадір-қасиетті және іскерлік беделді қорғауға қатысты жекелеген нормативтік ережелері бар. Бірақ, ескеретін жағдай, Жала жабу, Қорлау қылмыстық істері бойынша ар-намысты, қадір-қасиетті және іскерлік беделді қорғауға қатысты қылмыстық сот ісін жүргізуді реттейтін арнайы нормативтік құжаттар мен ережелер елімізде жоқ. Тек, «Қылмыстық және қылмыстық процестік заңнаманың адамның жеке бас бостандығын сақтау және қадір-қасиетіне қол сұқпау, қинауға, зорлық-зомбылыққа, басқа да қатыгез немесе адамның ар-намысын қорлайтын әрекеттер мен жазалау түрлеріне қарсы мәселелер жөніндегі нормаларын қолдану туралы» Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2009 жылғы 28 желтоқсандағы N 7 Нормативтік қаулысы ғана бар.

Сондай-ақ, Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 145-бабында адамның өз бейнесі салынған суреттерді қорғауға құқық берілген, «Қандай да бір адамның суреттік бейнесін оның келісімінсіз, ал ол қайтыс болған жағдайда - мұрагерлерінің келісімінсіз пайдалануға ешкімнің де құқығы жоқ. Бірақ, егер заң құжаттарында белгіленсе, не бейнеленген адам ақы алып кескінделген болса, ондай келісім талап етілмейді» [11].

Қайтыс болып кеткен тарихи ұлы тұлғалар қазақтың күйшісі Құрманғазы мен орыстың ұлы жазушысы Пушкинді сүйістіріп қойған портретіне қатысты дау ҚР Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекстің 349-бабы 1-тармағымен сараланып, айыпты деп танылған және 314 840 теңге айыппұл төлеумен ғана шектелген. Бұл да болса жауаптылық.

Ар-намыс, қадір-қасиет және абырой, бедел Қазақстанда қылмыстық, азаматтық және әкімшілік заңнамалармен қорғалып, негізінен сәйкес кодекстерде мазмұндалып, реттеледі.

Азаматтық тәртіпте жеткілікті дәлелді емес мәліметтерді тарту бойынша істер қаралады. Ал қылмыстық тәртіпте – ҚР Президентінің, Парламент депутатының ар-намысы мен қадір-қасиетіне қол сұғу, көпшілік алдында қорлау, билік өкілін қорлау, судья, прокурор, тергеуші, сот орындаушылардың

беделін қорғауға бағытталған істер қарастырылады. Әкімшілік тәртіпте - сайлау кезінде саяси партиялар мен кандидаттар туралы жалған мәліметтерді тарату бойынша істер қарастырылады.

ҚР Азаматтық кодексіне сәйкес азамат немесе заңды тұлға өзі туралы жалған, шындыққа сай келмейтін ақпараттың таралып, оның ар-намысы мен қадір-қасиетіне кір келтіретін болса сот бойынша ондай мәліметтерді теріске шығару туралы талап арыз беруге құқылы.

ҚР Қылмыстық кодексі бойынша қандай да бір тұлға туралы мәліметтерді таратушының әрекеттерінде қылмыстың белгілері болса, жәбірленуші кінәліні қылмыстық жауаптылыққа тарту туралы арызбен сотқа шағымдана алады.

Және де ҚР Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне сәйкес, сайлауға түсуші кандидаттар, саяси партиялар туралы жалған мәліметтерді сайлаудың өтуіне кері әсер ету мақсатында тарату әкімшілік жауаптылыққа әкеліп соғады.

Осы жерде айта кетер бір жағдай, азаматтық, әкімшілік және қылмыстық құқық бұзушылықтардың арасындағы шектеу қандай нормамен реттеледі, қалай сараланады деген сұрақ туындайды.

Моральдық зиянның орнын толтыру ретінде жәбірленушінің адамгершілік және моральдық азабына әкеліп соғуына орай айыпты тұлғадан ақша өндіріп алу мүмкіндігі қарастырылған. Адамның ар-намысы мен қадір-қасиетіне айыптының кінәсі бар-жоғына қарамастан моральдық залал Қырғыз Республикасы Азаматтық кодексінің 1027-бабына сәйкес толық төленіп, қайтарылуы тиіс. Және де, осы Кодекстің 18-бабында жала жабылған мәліметтерді теріске шығаратын арнайы тәртіп пен әдіс-тәсілдер келтірілген. Оған, мысалы, жабылған жала қай БАҚ жарияласа сол БАҚ-тың бетінде теріске шығарылуы тиіс [11]. Көпжылдық сот тәжірибесіне сәйкес жала жабуды теріске шығару тура ақпараттың таралуына сәйкес теріске шығару қажеттігін көрсетуде.

Осы тақырыпқа қатысты келесі айта кетер бір жағдай, тұтас бір мемлекетке қатысты жала жабу мен қандай да бір іске қатысты деп айыптау қылмыстық немесе басқа да құқықтық жауаптылыққа алып келеді ме? Егер Қазақстан Республикасының заңнамалары, нақты айтқанда Азаматтық кодексіне сәйкес заңды тұлғаның ар-намысы мен қадір-қасиетіне кір келтіру айыпты деп танылмай тек іскерлік беделі ғана қорғалатын болса, онда мемлекеттің абыройы қалай қорғалады? Егер оның, яғни мемлекеттің тарихи қалыптасқан жолына, олардың билік еткен ұлы тұлғаларына, олардың саяси-құқықтық реформаларына және мемлекеттің ұлттық рухы мен жалпы халқының дәстүріне, мәдениеті мен ғұрпына қатысты жала жабылса, әлем алдында бұқаралық ақпарат құралдары арқылы қорланса, құқыққа қарсы әрекет болып табылады ма?

Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі қарапайым азаматтардың ар-ожданы мен беделін қорғау туралы мынадай алты бапты қамтиды: 129-бап «Жала жабу»; 130-бап «Қорлау»; Қазақстан Республикасы Президентінің ар-ожданы мен қадір-қасиетіне қол сұққаны және оның

қызметіне кедергі жасағаны үшін жауаптылықты белгілейтін 318-бап; Депутаттың ар-намысы мен қадір-қасиетіне қол сұққаны және оның қызметіне кедергі жасағаны үшін жауаптылықты белгілейтін 319-бап; өкімет өкілін қорлағаны үшін - 320-бап; Судьяға, алқабиге прокурорға, тергеушіге, алдын ала анықтауды жүргізуші адамға, сарапшыға, сот приставына, соттың атқарушысына қатысты жала жапқаны үшін - 343-бап [7].

Ар-намыс, қадір-қасиет және іскерлік бедел сияқты мүліктік емес жеке құқықтарды, өз бейнесіне құқықты Азаматтық кодекс қорғайды. Оның бірқатар ережелері «Бұқаралық ақпарат құралдары туралы» Қазақстан Республикасының Заңында айқындалған, онда азаматқа немесе заңды тұлғаға қатысты олардың ар-намысына, қадір-қасиетіне кір келтіретін мағлұматтар таратылған болса, олар мұндай мағлұматтарды теріске шығарумен бірге келтірілген залалдың немесе моральдық зиянның орнын толтыруды талап етуге құқылы [12] деп көрсетілген.

Қазақтың дәстүрлі құқығының қылмыстық-құқықтық нормалары жеке тұлғаның ары-ұжданын қорғауды жазаланатын және жазаланбайтын деп бөлді. Жазаланбайтынға: ата-аналарының балаларына, күйеуінің әйеліне, үлкендердің кішілерге қарсы айтқан реніш сөздері жатады. Дәстүрлі құқық бұл салада үлкендер мүддесін қорғады. Ата-аналарын ренжіткен балаларды ата-аналары немесе билер қатаң жазалады. Ал қазіргі заманда мектеп мұғалімінің балаға дауыс көтеруі, тіпті ата-ананың өз балаларына ұрсуы әкімшілік, тіпті қылмыстық жауаптылыққа әкеліп соғуы мүмкін. Сонда ол бала өзім білемдікке салынып, қандай тәрбие алады? Бұрынғы жазаланатын ренжітулер патриархалды-феодалдық қатынасқа қарсы бағытталған жағдайда жүргізілді. ХІХ ғасырдың 20-жылдарына дейін ата-аналар балаларына шектеусіз билік жүргізді. Тәуке ханның Жеті жарғысында «әйелді ренжіткен адам одан кешірім сұрауға тиіс, сұрамаса арсыздығы үшін айып салынады» делінген екен. Дәстүрлі құқық бойынша сұлтан, би және басқа да, «сыйлы тұлғаларға» құрмет көрсетпеу, бөтен үйге рұқсатсыз кіру, жолаушылап келе жатқан кісіге түнеуге рұқсат етпеу, аттың құйрығын кесу т.б. басыну болып есептеліп, оларға жауаптылықтар көзделді.

Жалпы адамның ар-намысы мен қадір-қасиетін құқықтық тұрғыдан қорғау тақырыбы мемлекеттің, қоғамның өзекті мәселесі болып қала бермек. Жаңа дәуір азаматын, сондай-ақ мемлекеттің өтпелі кезеңге қарай азамат тұлғасын қалыптастырып, дамыту мәселесінің көкейкестілігі ешқашан маңызын жоғалтпайды.

#### **Әдебиеттер тізімі:**

1. *Қазақстан Республикасының Конституциясы 1995 жылғы 30 тамыз.*
2. *Резолюция 59 (I) Генеральной Ассамблеи ООН «Созыв международной конференции по вопросу о свободе информации» /Право и СМИ Центральной Азии/ <http://medialaw.asia/old/>*
3. *Международный пакт о гражданских и политических правах принят резолюцией 2200 А (XXI) Генеральной Ассамблеи от 16 декабря 1966 года.*
4. *Всеобщая декларация прав человека принятая на третьей сессии Генеральной Ассамблеи ООН резолюцией 217 А (III) от 10 декабря 1948 года.*

5. Қырғыз Республикасының Конституциясы 27 маусым 2010 жылы жалпы халықтық референдумда қабылданған.
6. Қырғыз Республикасының Қылмыстық кодексі 2019 жылғы 1 қаңтар.
7. Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі 2014 жылғы 3 шілде.
8. Н. Назарбаев «Устойчивый прогресс Казахстана на пути к демократии», газета «[The Washington Post](#)», [США](#), 31 марта 2011 г. /inoСМИ.ru.
9. Жалған ақпарат пен жала жабуға қарсы күрес күшейеді /23.08.2019 ж./[informburo.kz](#)
10. Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитетінің статистикалық есебі/<https://gamaor.gov.kz/>
11. Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексі 1994 жылғы 27 желтоқсан № 268-ХІІІ заңы
12. Бұқаралық ақпарат құралдары туралы: Қазақстан Республикасының Заңы 1999 жылғы 23 шілдедегі N 451.

**Құдайберген Еділ Болатұлы**  
Қазақстан Республикасы Жоғарғы Соты жанындағы  
Сот төрелігі академиясының магистранты,  
Қазақстан Республикасы, Нұр-Сұлтан қ.

## ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҚЫЛМЫСТЫҚ КОДЕКСІНІҢ 346-БАБЫМЕН КӨЗДЕЛГЕН ҚЫЛМЫСТЫҚ ҚҰҚЫҚ БҰЗУШЫЛЫҚТЫҢ СУБЪЕКТИСІ

**Түйін.** Мақалада көлік құралдарын басқарумен байланысты қоғамдық қатынастарды реттеуде туындайтын мәселелер, оның ішінде көлікті масаң күйде басқаруға қатысты қылмыстық құқық бұзушылықтың субъектісіне зерттеу жүргізілді. Сонымен қатар, олардың жауаптылығы мәселелері қамтылды. Әкімшілік және қылмыстық жауаптылыққа тартылғандарға қатысты статистикалық мәліметтер келтірілді. Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінің 346-бабында көзделген құқық бұзушылықтың субъектісін толықтыру бойынша ұсыныстар келтірілді.

**Түйінді сөздер:** көлік құралы, көліктегі құқық бұзушылықтар, масаң күйде көлік құралын басқару, жол жүрісі қағидаларын бұзу, көліктегі қылмыстардың субъектілері, әкімшілік жауаптылық, қылмыстық жауаптылық.

**Аннотация.** В статье исследованы вопросы, возникающие при регулировании общественных отношений в сфере транспортных правонарушений, и определение субъекта уголовных правонарушений, связанных с управлением транспортными средствами в состоянии опьянения. Затронуты вопросы их ответственности. Приведены статистические данные в отношении лиц, привлеченных к административной и уголовной ответственности. Даны рекомендации по восполнению субъекта правонарушения, предусмотренного статьей 346 Уголовного кодекса Республики Казахстан.

**Ключевые слова:** транспортные средства, транспортные правонарушения, управление транспортным средством в состоянии опьянения, нарушение правил дорожного движения, субъекты транспортных преступлений, административная ответственность, уголовная ответственность.

**Annotation.** The article examines the issues that arise in the regulation of public relations related to transport offences, and identification the subject of criminal offences related to driving vehicles in a state of intoxication. Questions of their responsibility were also raised. Statistical data of persons held accountable for administrative and criminal responsibility are given. Recommendations for additions to the subject of the offence in the article 346 of the Criminal code of the Republic of Kazakhstan are presented.

**Key words:** vehicles, transport offences, driving intoxicated, traffic violation, subjects of transport offences, administrative responsibility, criminal responsibility.

Көлік құралдарының жыл санап артуымен қатар, оны пайдаланумен байланысты қоғамдық қатынастарға қауіп төндіруі қоғамды алаңдатпай қоймайды.

Қазақстан Республикасының заңнамасында көліктегі құқық бұзушылықтар үшін оның сипатына қарай әр түрлі жауаптылық белгіленген. Көлік құралын басқару қағидағтарын бұзумен келтірілген зардаптарының

ауырлығы мен қоғамдық қауіптілік дәрежесіне қарай аталған әрекеттер үшін әкімшілік және қылмыстық жауаптылықтар көзделеді.

Құқықтық нормалар әрекет ететін органның дамуына қарай әрдайым жетілдіріліп, дамып, өзгерістерге ұшырап отырады. Осыған сәйкес, көліктің адам өміріндегі маңыздылығы мен белсенді қолданыста болуы осы саладағы заңнаманы жетілдіруді әрдайым қажет етіп отырады.

Қазіргі таңда көліктегі қылмыстардың артуының бірден бір себебі және жол жүрісіндегі жоғары қауіптілік көзі болып отырған – жүргізушінің масаң күйде көлік құралын басқаруы.

Өкішке орай, адамның масаң күйде көлік құралын басқаруы жол жүрісі қағидаларын бұзудың кеңінен таралған түрі болып қала беруі, бірқатар авторлардың назарын аударады [1; 139].

Жол қозғалысы барысында көлік жүргізушісі ең белсенді субъект болып табылады және қауіпсіздік үшін құқықтық жауаптылығы басым болады. Қазіргі жағдайда көлік жүргізу қызметінің өзі адамның психикасы мен когнитивті қызметіне, оның білімі мен тәжірибесіне жоғары талаптар қояды, қозғалыстың басқа қатысушыларының (жолаушылардың, жаяу жүргіншілердің) өмірі мен денсаулығының қауіпсіздігі көбінесе жүргізушіге тәуелді болады [2; 85].

Шет мемлекеттердің заңнамасында мас жүргізушілерді қылмыстық жазалаудың екі тәсілі қолданылады. Бірқатар елдерде (ГФР, Болгария, Латвия, Польша т.б.) мас күйінде көлік құралын жүргізу фактісінің өзі қылмыстық болып саналады, ал басқа мемлекеттерде - мұндай адамның іс-әрекетінде қайталану белгісі немесе әкімшілік құқық бұзушылық болуы керек, яғни мас жүргізуші белгілі бір уақыт аралығында көлік құралын масаң күйде бірнеше рет басқарған жағдайда ғана қылмыстық қудалау мүмкін болады [1; 139].

А.И. Коробеевтің пірікінше, Германия Федеративтік Республикасы, Испания, Польша, Болгарияда, Латвиядағы заң шығарушының мұндай қатал көзқарасы толығымен негізделмеген, өйткені масаң күйдегі жүргізушілер санының көптігі мен кеңінен таралғандығы жағдайында *қылмыстық жауаптылықтан құтылмаушылық* қағидатының (принцип неотвратимости) жүзеге асуын қамтамасыз ету іс жүзінде мүмкін емес, қылмыстық тыйымның жалпы ескерту мәні азаяды [1; 139].

Сонымен қатар, А.И. Коробеев, масаң күйде көлікті басқарумен байланысты әрекеттің қайталануына қылмыстық жауаптылық болғанын да қолдамайды. Мұндай құқық бұзушылықта қылмыстық жауаптылық ауыр зардаптар әкелген жағдайда ғана туындау керек деген қорытынды айтады [1; 139].

Мұндай құқық бұзушылықты қылмыстандыруды басқа да бірқатар ғалымдар қолдамайды [3; 61].

Дегенмен, бірқатар авторлар түбегейлі қарама-қайшы пікір айтады. Олар, құқық бұзушының бір жыл ішінде екі рет масаң күйде көлік басқарғаны үшін жауаптылықта болуы - Жол қозғалысы қағидаларын бұзудың қоғамдық зияндылық дәрежесін арттырады деген пікір білдіріп, адамдарды жалпы көлікті

мас күйінде басқарғаны үшін немесе бір жыл ішінде қайталап мас күйінде басқарғаны үшін қылмыстық жазалау қажет деп санайды [4; 112].

Қылмыстандыруды қолдамайтын А.И. Коробеев пен басқа да ғалымдардың пікірлерімен ішінара, яғни «қылмыстық жауаптылықтан құтылмаушылық» қағидатын (принцип неотвратимости) жүзеге асуын қамтамасыз ету мүмкін болмай қалатыны мен қылмыстық тыйымның жалпы ескерту мәні азаятынына келісе отырып, сондай-ақ басқа қарама-қайшы пікірдегі ғалымдардың масаң күйде әкімшілік жауаптылықта бола тұра қайталап сол әрекетті жасағаны үшін қылмыстық жауаптылық көзделгені дұрыс деген пікірлерін дұрыс деп санаймыз. Яғни, көлікті мас күйде басқарғаны үшін (ауыр зардаптарсыз) алдымен әкімшілік жауаптылық тағайындап, қайталанған жағдайда ғана қылмыстық жазалау қолданған дұрыс. Бұл норма еліміздің заңнамасында дұрыс реттелген.

Мемлекет тарапынан көлік құралын масаң күйде басқаратын тұлғалар санын максималды азайту мақсатында заңнамалық тұрғыда көптеген шаралар қолданылуда.

Дегенмен, қылмыстық заңнамада жол жүрісі немесе көлік құралдарын пайдалану қағидаларын бұзумен байланысты құқық бұзушылықтардың субъектісін нақтылауды қажет етеді. Себебі осы санаттағы құқық бұзушылықтар жасағаны үшін Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің (бұдан әрі – ҚК) 346-бабымен жауаптылық көзделуге жататын субъектісі масаң күйде көлік құралын басқаратын тұлғаларды толық қамтымайды.

Нақтырақ айтсақ, ҚК 346-бабымен көлік құралын басқару құқығы мүлдем жоқ (берілмеген) көлік жүргізушілеріне қатысты қолданылу аясы реттелмеген, бұл норма бұрын көлік құралын басқару құқығынан айырылған тұлғалардың ғана масаң күйде көлік жүргізгені үшін жауаптылық белгілейді. Яғни, қылмыстық құқық бұзушылықтың субъектісі болып танылуы үшін адам міндетті түрде бұрын көлік құралын басқару құқығын ие болған, кейін соттың шешімімен одан айырылған болуы тиіс [5].

Қолданыстағы заңнамаға сәйкес, алкогольдік, есірткілік және (немесе) уытқұмарлық масаң күйдегі адамның көлік құралын басқаруы, сол сияқты көлік құралын осындай адамның басқаруына беру немесе көлік құралын осындай адамның басқаруына жол беруімен сипатталатын құқық бұзушылықтар үшін Қазақстан Республикасы Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің (бұдан әрі – ӘҚБтК) 608-бабы бойынша жауаптылық жүктеледі [6]. Осы құқық бұзушылық әрекеттерді бұрын көлік құралын басқару құқығынан айырылған адам жасаса, ол ҚК 346-бабымен жауаптылықта болады [5].

Аталған баптың құрамының субъективтік белгісіне назар аударсақ.

ҚК 346-бабының 1-бөлігінің диспозициясында «*Көлік құралын басқару құқығынан айырылған адамның* алкогольдік, есірткілік және (немесе) уытқұмарлық масаң күйдегі адамның көлік құралын басқаруы, сол сияқты көлік құралын осындай адамның басқаруына беру немесе көлік құралын осындай адамның басқаруына жол беру» деп көрсетілген [5].



Құқық бұзушылықтың субъектісі болып бұрын әр түрлі себептермен көлік құралын басқару құқығынан айырылған, масаң күйде көлік құралын басқарған адам, не осы әрекетке жол берген көлік иесі немесе иеленушісі табылады [7].

Құқық бұзушылықтың қауіптілігі алкоголь, есірткі немесе басқа да уытқұмарлық заттардың көлік жүргізушісі ағзасының маңызды қызметтеріне кері әсерін тигізіп, қажетті реакцияның бәсеңдеуіне себеп болуымен баяндалады. Сол себепті Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 13 қарашадағы № 1196 қаулысымен бекітілген Жол жүрісі қағидаларының 2.4.2 тармағының 7) тармақшасымен масаң күйде (алкоголь, есірткі немесе басқа да) көлік құралын басқаруға тыйым салады.

Субъективтік жағынан қасақаналықпен – біле тұра, яғни көлік құралын басқару құқығынан айырылғандарға, масаң күйдегі адамдарға көлік құралын басқаруға беру қасақаналықпен, ал құқық бұзушылықтың зардабына қатысты абайсыздықпен жол беріледі [7]. Тұлға масаң күйде бола тұра көлік құралын басқарса қылмыстық жауаптылықта болатын біледі, бірақ соған қасақана жол береді.

Бұл норма бірқатар шет ел заңнамаларында да көрініс тапқан.

Ресей Федерациясы Қылмыстық кодексінің 264.1-бабында «масаң күйінде көлік құралын жүргізгені үшін немесе уәкілетті лауазымды адамның масаң күйін медициналық куәландырудан өту туралы заңды талабын орындамағаны үшін әкімшілік жауапқа тартылған, не осы Кодекстің 264-бабының екінші, төртінші немесе алтыншы бөліктерінде не осы бапта көзделген қылмыс жасағаны үшін сотталғандығы бар масаң күйдегі адамның автомобильді, трамвайды не басқа да механикалық көлік құралын басқаруы» деп көрсетілген [8].

Беларусь Республикасының Қылмыстық кодексінің 317/1-бабының диспозициясы «Адамның алкогольден масаю күйіндегі немесе есірткі, психотроптық заттарды, сол тектестерді, уытқұмарлық немесе басқа да есеңгірететін заттарды тұтынудан туындаған жай-күйдегі көлік құралын басқаруы не көлік құралын осындай адамға беру, сол сияқты масаю күйін белгіленген тәртіппен куәландырудан өтуден бас тартуы, осындай құқық бұзушылық үшін әкімшілік жауаптылыққа тартылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасауы» деп баяндалған [9].

Екі мемлекеттің де қылмыстық заңнамасында құқық бұзушылықтың субъектісі болып масаң күйде көлік құралын басқарғаны үшін әкімшілік жауаптылыққа тартылған бола тұра, оны қайталап жасаған тұлға танылады. Яғни, басқару құқығынан айырылған не айырылмағанына, немесе оның мүлдем болған-болмағанына қарамастан қылмыстық жауаптылық көзделген. Біздің заңнамада, ӘҚБтК-тің 608-бабының 6-бөлігімен көлік құралын басқару құқығы жоқ адам масаң күйде көлік жүргізгені үшін жауаптылықта болады да, бұл әрекет қайталанған жағдайда қылмыстық жауаптылық орын алмайды [6]. Себебі қылмыстық жауаптылық бұрын көлік құралын басқару құқығынан



айырылған адамға ғана қатысты туындайды. Сол себепті аталған мемлекеттердегі заң нормасының тиімді тұстарын назарға алуға болады.

Сонымен қатар, зерттелген елдердің қылмыстық заңнамаларында қылмыстық жауаптылық көлік құралын басқарумен байланысты құқық бұзушылықты нақты масаң күйде жасағаны үшін ғана әкімшілік жауаптылыққа тартылған тұлғаларға қатысты қолданылады.

Масаң күйдегі жүргізушілерге қатысты Қазақстан Республикасының қылмыстық заңнамасына енгізілген соңғы өзгерістер, жол қозғалысындағы қауіпсіздікті қамтамасыз етуде жауаптылықты барынша қатаңдату арқылы масаң күйдегі көлік құралын басқарушылардың санын барынша азайтуға бағытталған. Ал бұл норма өз мақсатына жету үшін алдымен масаң күйде көлік басқаратын тұлғаларды толық қамтуы керек.

Сондықтан, мұндай құқық бұзушылықтарды «қылмыстық» деп тану үшін, оның субъектісі бұрын масаң күйде көлік құралын басқарумен байланысты құқық бұзушылық жасағаны үшін әкімшілік жауаптылыққа тартылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасауы керек. Себебі, біріншіден, «бұрын масаң күйде көлік құралын басқарумен байланысты құқық бұзушылық жасағаны үшін әкімшілік жауаптылыққа тартылған» болса, масаң күйде көлік құралын басқару фактісін қайта жасаған адамдар тізімін толық қамтиды. Екіншіден, «әкімшілік жауаптылыққа тартылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасауы» ӘҚБтК 61-бабына сәйкес, әкімшілік жаза қолданылған тұлға әкімшілік жазаны орындау аяқталған күннен бастап бір жыл ішінде сол жазаға тартылған болып саналады [6].

Сонымен қатар, бұрын әр түрлі себептермен (жол-көлік оқиғасы, оқиға орнынан кетіп қалу т.б.) көлік құралын басқару құқығынан айырылған тұлғаның масаң күйде көлік басқарғаны үшін қылмыстық жауаптылыққа тарту қылмыстық тыйымның жалпы ескерту мәнінің азаюына себеп болады. Сондықтан, бұл норманы нақты бұрын масаң күйде көлік құралын басқарумен байланысты құқық бұзушылық жасағаны үшін әкімшілік жауаптылыққа тартылған адамға қатысты қолданған дұрыс деп санаймыз.

Құқықбұзушыға алдымен әкімшілік шаралармен, тек содан кейін ғана қылмыстық құқықтың шараларын қолдану арқылы құқықтық ықпал ету қоғамдық қатынастарды құқықтық реттеу тұрақты процесі мен кінәлінің әрекетіне сай мәжбүрлеу не сендіру құралдарының байланысын қамтамасыз ете алады. Сондықтан да алдымен әкімшілік шара қолданған дұрыс болар еді [10; 1].

Мемлекет тарапынан көлік құралын масаң күйде басқаратын адамдардың жауаптылығын қатаңдатуда бірқатар шаралар қолданылуда, дегенмен шаралар түбегейлі өзгерістерге қол жеткізе алмады. Олай дейтініміз, статистикалық мәліметке сәйкес, масаң күйде көлік құралын басқарған адамдарға қатысты әкімшілік жауаптылыққа тартылғандар азайғанымен, керісінше қылмыстық жауаптылыққа тартылғандар саны артқан (1-кесте) [11].

Жауаптылық Уақыты	ҚР ӘҚБтК 608-бабымен қаралған	ҚР ҚК 346-бабымен қаралған
2016	34270	2520
2017	29281	2661
2018	27187	2687
2019, I- жартыжылдығы	11608	1044

*\*Ескерту.* 1-кесте автормен құрастырылған.

Бұдан көретініміз, бұрын әкімшілік жауаптылыққа тартылуға жататын тұлғалардың белгілі бір бөлігі, қазіргі таңда қылмыстық жауаптылыққа тартылатын болды. Құқық бұзушылық қайталанған жағдайда ауырлатылған әкімшілік жауаптылық тағайындалатын болса, бүгінде қайталап қылмыстық жаза тағайындалу жиі орын алып отырды.

2019 жылдың I-жартыжылдығында Ақтөбе қаласы бойынша қылмыстық жауаптылыққа тартылғандардың 30 пайызға жуығы ҚК 346-бабымен бірнеше рет қайталап жауаптылықта болғандар (2-кесте) [11].

Жауаптылық Уақыты	ҚР ҚК 346-бабымен қаралған істер	ҚР ҚК 346-бабымен қайта жасағанға қатысты қаралған
2019 жыл, 1.01 - 1.06 аралығы	55	16

*\*Ескерту.* 2-кесте автормен құрастырылған.

Бұдан шығатын қорытынды, қолданыстағы заңнамадағы масаң күйде қайталап көлік жүргізушілерге қатысты жауаптылықты қатаңдату арқылы тыйым салу (жолын кесу/алдын алу) процесі практикада түбегейлі оң өзгерістерге әкеле алмай, жазалау шарасы жеткіліксіз дәрежеде болды.

Қылмыстық теріс қылық ретінде сараланып, жазаның жеткіліксіз болуы салдарынан сотталғандық жүктемеуі, осындай құқық бұзушылық жасау фактісінің жиіленуіне әкеліп соқтырды. Бұл, жоғарыда айтқанымыздай, белгілі бір дәрежеде қылмыстық тыйымның жалпы ескерту мәнінің төмендеуіне әсер етті.

В.Е. Южаниннің ойынша, қылмыспен күрестің құқықтық және негізгі мәжбүрлеу әдісі жаза болып табылады. Әсіресе, бұл бас бостандығынан айыру түріндегі жазаға тән, өйткені онда құқық шектеу мен мемлекеттік мәжбүрлеу қылмыстық жауаптылықты іске асыру шеңберінде мүмкін болатын ең жоғарғы шекке жетеді [12; 1].

Зерттеліп отырған құқық бұзушылық үшін Беларусь Республикасы заңнамасында екі жылға дейін бас бостандығынан айыру көзделген. Сот үкімінен кейін қайталанғаны үшін әрекеті Беларусь Республикасы Қылмыстық кодексінің 317/1-бабының 2-бөлігімен сараланып, үш жылға дейін бас

бостандығынан айыру жазасы көзделген [9]. Ресей Федерациясының Қылмыстық кодексінде де (264.1-бабы) мұндай құқық бұзушылық әрекеттер қылмыстар қатарына жатады және сотталғандық жүктейді [8].

Қолданыстағы Қылмыстық кодекске 2020 жылдан бастап енген өзгерістерге сәйкес, мұндай құқық бұзушылық қылмыстар ретінде саналып, бес жылға дейін бас бостандығынан айыру жазасын көздейтін болды.

Масаң күйдегі жүргізушілердің қатысуымен орын алатын жол-көлік оқиғаларының басым бөлігі ауыр зардаптарға соқтыратынын ескерсек, қолданыстағы заңнамаға енгізілген соңғы өзгерістер (ҚК 346-бабының санкциясы) күмән туғызбайды.

Сондай-ақ, зерттеліп отырған құқық бұзушылық құрамының белгілі бір зардаптардың орын алуын талап етпейтін формальды болуы орынды деп санаймыз. Осылайша заң шығарушы ешқандай зардап орын алмай-ақ көлік құралын масаң күйде басқаруы фактісінің өзі аса қоғамдық қауіптілік екеніне назар аударады.

Қорытындылай келе, Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінің 346-бабының диспозициясында «Көлік құралын басқару құқығынан айырылған» дегеннің орнына «Масаң күйде көлік құралын басқарумен байланысты құқық бұзушылық жасағаны үшін әкімшілік жауаптылыққа тартылған не осы Кодекстің 345, 345-1, 346-баптарымен сотталған адам» деп көрсетуді ұсынамыз.

#### **Әдебиеттер тізімі:**

1. А.М. Жуков. Уголовная ответственность за управление транспортным средством в состоянии опьянения в законодательстве зарубежных стран. // <https://cyberleninka.ru/article/n/ugolovnaya-otvetstvennost-za-upravlenie-transpourtным-средством-v-sostoyanii-opyaneniya-v-zakonodatelstve-zarubezhnyh-stran>;

2. С.В. Полякова. Стратегические приоритеты обеспечения безопасности участников дорожного движения. // <https://cyberleninka.ru/article/n/strategiicheskie-prioritety-obespecheniya-bezopasnosti-uchastnikov-dorozhnogo-dvizheniya>;

3. И.И. Маслов. Состояние опьянения как признак, дифференцирующий уголовную ответственность. // <https://cyberleninka.ru/article/n/sostoyanie-opyaneniya-kak-priznak-differentsiruyuschiy-ugolovnuyu-otvetstvennost>;

4. Р.А. Пестов, Е.С. Смирнова. К вопросу об усилении юридической ответственности за управление транспортным средством в состоянии опьянения. Социосфера, Прага - 2012. 110-113 с.

5. Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі // <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1400000226/>;

6. Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқықбұзушылық туралы кодексі // <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1400000235/>;

7. А.Н. Азыбаев, Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексіне Түсіндірме. Жеті Жарғы, 2015. – 768 б;

8. Ресей Федерациясының Қылмыстық кодексі // [http://www.consultant.ru/document/cons\\_doc\\_LAW\\_10699/f7d0d38602c1f14284898669538471d7f6b49af5/](http://www.consultant.ru/document/cons_doc_LAW_10699/f7d0d38602c1f14284898669538471d7f6b49af5/);

9. Беларусь Республикасының Қылмыстық кодексі // [http://kodeksy.by/?\\_gl=1\\*118fvh9\\*\\_ga\\*MjE5MjIyNTU3OC4xNTUwMTYyMzEw\\*\\_qid\\*NDkyMTE3OTMuMTU1MDE2MjMxMA](http://kodeksy.by/?_gl=1*118fvh9*_ga*MjE5MjIyNTU3OC4xNTUwMTYyMzEw*_qid*NDkyMTE3OTMuMTU1MDE2MjMxMA);

10. И.И. Лапцевич. Административная преюдиция как условие уголовной ответственности в некоторых случаях принуждения к выполнению обязательств. // [http://elib.bsu.by/bitstream/123456789/29468/1/98\\_Лапцевич.pdf](http://elib.bsu.by/bitstream/123456789/29468/1/98_Лапцевич.pdf);

11. Қазақстан Республикасы соттарында қаралған істер бойынша статистикалық мәлімет // <http://office.sud.kz/courtActs/index.xhtml>;

12. В.Е. Южанин. Особенности механизма реализации наказания в виде лишения свободы. // <https://cyberleninka.ru/article/n/osobennosti-mehanizma-realizatsii-nakazaniya-v-vide-lisheniya-svobody/viewer>.

**Кулмагамбет Амир Кайратулы**  
магистрант Международного университета Астана,  
г. Нур-Султан, Республика Казахстан

## **ОСОБЕННОСТИ ОБЕСПЕЧЕНИЯ ИНФОРМАЦИОННОЙ БЕЗОПАСНОСТИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН В УСЛОВИЯХ ПРОТИВОДЕЙСТВИЯ КИБЕРТЕРРОРИЗМУ**

***Түйін.** Кибершабуылдар қазіргі терроризм көріністерінің ең қауіпті түрлерінің бірі болып табылады. Қазақстан Республикасының заңнамасында бұл мәселені реттеуге байланысты ұғымдардың нақты түсінігі жоқ. Мақала мақсаты ұғымдық аппаратты нақтылау, қылмыстың сипаты мен дәрежесін, қоғамдық-қауіпті зардаптардың ауқымын ашу, сонымен қатар Қазақстан Республикасының ақпараттық қауіпсіздігін қамтамасыз етудің мәселелерін белгілеу болып табылады.*

***Түйінді сөздер:** кибертерроризм, ақпараттық қауіпсіздік (киберқауіпсіздік), Интернет, киберкеңістік, ақпараттық технологиялар, желі, жүйе, ақпарат.*

***Аннотация.** Кибератаки являются одной из наиболее опасных форм проявления современного терроризма. В законодательстве Республики Казахстан отсутствует четкое понимание понятий, связанных с регулированием данной проблемы. Целью статьи является уточнение понятийного аппарата, раскрытие характера и степени преступления, масштаба общественно-опасных последствий, а также обозначение существующих проблем в обеспечении информационной безопасности Республики Казахстан.*

***Ключевые слова:** кибертерроризм, информационная безопасность (кибербезопасность), интернет, киберпространство, информационные технологии, сеть, система, информация.*

***Annotation.** Cyberattacks are one of the most dangerous forms of modern terrorism. The legislation of the Republic of Kazakhstan lacks a clear understanding of the concepts related to the regulation of this problem. The objectives of the work are to clarify the conceptual framework, disclose the nature and extent of the crime, the scale of socially dangerous consequences, as well as identify existing problems in ensuring the country's information security.*

***Key words:** Cyberterrorism, information security (cybersecurity), the Internet, cyberspace, information technology, network, system, information.*

Современный этап развития мирового сообщества характеризуется стремительным развитием научно-технического прогресса, в который включается и сфера высоких технологий. Приверженность к таким технологиям обуславливает стремление общества к упразднению границ, интеграции и глобализации. Новейшие информационные технологии и инновации положительно влияют на модернизацию государственного управления, что подтверждает общественную полезность страны. Их революционное воздействие тесно пересекается с образом жизни людей, их образованием и работой, а также взаимодействием правительства и гражданского общества. Одним из главных открытий инновационного развития является создание Интернета – информационной платформы, предоставляющей людям самые

разные возможности для удовлетворения потребностей и облегчения жизнедеятельности в социальной среде. Согласно данным Всемирного экономического форума, за 2017 год Казахстан занимает тридцать шестое место в рейтинге по количеству интернет-пользователей, что на 4% превысило результаты 2016 года [1]. Не исключено, что процент пользователей на текущий период может составлять более высокий показатель, чем зафиксировано в 2017 году.

При всех достоинствах Всемирной сети, являющейся обыденным элементом общественной жизни, интернет также представляет угрозу и расценивается с критической точки зрения как орудие насилия, несущее потенциальную угрозу для национальной безопасности и государственной целостности страны. Интернет – идеальное поле деятельности для ведения идеологической пропаганды экстремизма и терроризма. Главари экстремистских организаций все больше используют возможности глобальной сети в своих целях, размещая целый свод деструктивной религиозной информации, а также с помощью специальных знаний и навыков проводят операции по добыче любой иной информации с последующей реализацией злостных намерений. Важно понимать, что интернет-пространство, в первую очередь – это современный вид оружия.

Правовое регулирование борьбы с терроризмом в Республике Казахстан основывается на Конституции РК, Законе «О противодействии терроризму» и иных нормативных правовых актах, а также международных договорах, ратифицированных Республикой Казахстан [2].

В соответствии с Уголовным кодексом Республики Казахстан: «Акт терроризма – есть совершение взрыва, поджога или иных действий, создающих опасность гибели людей, причинения значительного имущественного ущерба либо наступления иных общественно опасных последствий, если эти действия совершены в целях нарушения общественной безопасности, устрашения населения, оказания воздействия на принятие решений государственными органами Республики Казахстан, иностранным государством или международной организацией, провокации войны либо осложнения международных отношений, а также угроза совершения указанных действий в тех же целях» [3].

В киберпространстве террористы, посягающие на информационную безопасность, способны устраивать аварии на электростанциях, сбивать с курса самолеты, захватывать каналы СМИ, проводить информационно-психологические операции и т.д. Способы совершения составляют разновидность изощренных и опасных по своим последствиям деяний. Например, чтобы лишить жизни пациентов злоумышленники могут изменить их историю болезни, нарушить работу аппарата жизнеобеспечения либо вовсе отключить электропитание во всем помещении. В этой связи вычислительные машины, технические устройства и другие информационные технологии составляют орудие преступления, их использование с целью совершения противоправного деяния является объективной стороной преступления,

объектом – информационная и общественная безопасность. Процедура осуществления преступления в киберпространстве проводится с целью совершения не только террористкой акции, но и других масштабных и организованных преступлений, таких как контрабанда, коррупция, торговля людьми, хищение интеллектуальной собственности и т.д.

Таким образом, общественно-опасные последствия, наступившие в результате совершения террористического акта в киберпространстве, называется «кибертерроризмом». Чтобы детализировать данное понятие, необходимо дать четкое определение.

Кибертерроризм – это преднамеренная, политически мотивированная, массированная атака на объекты инфраструктуры, связь и телекоммуникации, банковские сервера, IT-устройства и иные информационные технологии путем распространения компьютерного вируса, логических бомб, червей и других вредоносных программ с последующим выведением из строя компьютерных систем, нарушением сетей электропитания, созданием помех, присвоением денежных средств, расшифровкой, хищением или искажением информации, а также обеспечением любой иной информацией новых adeptов с целью насильственного воздействия на субъект государства. Данное преступление можно определить в качестве новой формы терроризма и отнести к категории наиболее опасных.

Последствия, сопровождающиеся осуществлением террористического акта в области цифровизации, могут быть самыми разными и непредсказуемыми. Применение технологичных информационных ресурсов позволяет вести преступную деятельность на расстоянии, практически с любой точки действия сети, сохраняя при этом конфиденциальность данных и анонимность пользователя, что в свою очередь затрудняет положение спецслужб по обнаружению источника опасности. Трансграничный характер преступления усложняет процедуру осуществления уголовного судопроизводства, следственных и иных процессуальных действий.

Стратегической основой процедуры совершения террористического акта при помощи Интернета является использование максимально организационных и наступательных возможностей сети. Интернет – есть платформа для проникновения террористов в компьютерные системы. Организации, подключенные к интернету, несут определенные риски в обеспечении защитной функции. Одна из главных проблем обеспечения защитной функции обусловлена риском распространения потенциально опасной и неизвестной вредоносной программы (вируса) ввиду того, что система защиты разрабатывается с учетом уже выявленных видов угроз и лишь рассчитана на предупреждение новых. Данное определение лишней раз подтверждает факт о невозможности создания идеальной системы защиты.

Интернет также предоставляет возможность глобальных коммуникаций для планирования и подготовки физических террористических актов. Быстрый обмен сообщений, использование телефонной связи или радиосвязи обеспечивает высокий уровень в общей производительности труда, экономию

времени, слаженность в боевых действиях. Через интернет также активно ведется пропаганда экстремизма, финансирование и вербовка.

Исходя из вышесказанного необходимо комплексно подойти к вопросу обеспечения информационной безопасности. Незаконное завладение секретной информации сопутствует нарушению основополагающих принципов деятельности Республики. Данный вопрос особенно актуален в процессе перехода Казахстана на новый этап развития науки и техники согласно государственной программе «Цифровой Казахстан», призванной ускорить темпы развития казахстанской экономики и повысить качество жизни граждан.

Под информационной безопасностью понимается состояние защищенности электронных информационных ресурсов, информационных систем и информационно-коммуникационной инфраструктуры от внешних и внутренних угроз [4].

Информационная безопасность обеспечивается решениями и действиями государственных органов, организаций, должностных лиц, направленными на:

- 1) недопущение информационной зависимости Казахстана;
- 2) предотвращение информационной экспансии и блокады со стороны других государств, организаций и отдельных лиц;
- 3) недопущение информационной изоляции Президента, Парламента, Правительства и сил обеспечения национальной безопасности Республики Казахстан;
- 4) обеспечение бесперебойной и устойчивой эксплуатации сетей связи в целях сохранения безопасности Республики Казахстан, в том числе в особый период и при возникновении чрезвычайных ситуаций природного, техногенного характера, карантинных, иных чрезвычайных ситуаций;
- 5) выявление, предупреждение и пресечение утечки и утраты сведений, составляющих государственные секреты и иную защищаемую законом тайну;
- 6) недопущение информационного воздействия на общественное и индивидуальное сознание, связанного с преднамеренным искажением и распространением недостоверной информации в ущерб национальной безопасности;
- 7) обнаружение и дезорганизацию механизмов скрытого информационного влияния на процесс выработки и принятия государственных решений в ущерб национальной безопасности;
- 8) поддержание и развитие эффективной системы защиты информационных ресурсов, информационных систем и инфраструктуры связи, в которых циркулируют сведения, составляющие государственную, коммерческую и иную защищаемую законом тайну [5].

Постановлением Правительства Республики Казахстан от 12 июля 2019 года № 501 утверждено Положение республиканского государственного учреждения «Комитет по информационной безопасности (далее – Комитет)» Министерства цифрового развития, оборонной и аэрокосмической промышленности Республики Казахстан.

Основные задачи Комитета:



- 1) реализация государственной политики в области информационной безопасности в сфере информатизации;
- 2) проведение мониторинга обеспечения информационной безопасности государственных органов, физических и юридических лиц;
- 3) предупреждение и оперативное реагирование на инциденты информационной безопасности, в том числе в условиях чрезвычайных ситуаций социального, природного и техногенного характера, введения чрезвычайного или военного положения и т.д [6].

Поскольку в компетенцию Министерства цифрового развития, оборонной и аэрокосмической промышленности Республики Казахстан входит обеспечение безопасности информационного пространства, данный орган наряду с органами национальной безопасности, внутренних дел, обороны, СГО, СЭР и другими уполномоченными органами необходимо отразить в статье 7 «Компетенция государственных органов Республики Казахстан, осуществляющих противодействие терроризму» Закона Республики Казахстан «О противодействии терроризму».

В 2017 году в целях обеспечения информационной безопасности общества и государства в сфере информатизации и связи, а также защиты неприкосновенности частной жизни граждан при использовании информационно-коммуникационных технологий разработана концепция кибербезопасности «Киберщит Казахстана», содержащая основные положения кибербезопасности страны и определяющая основные принципы взаимодействия государства и общества [7].

В рамках данной государственной программы предусмотрено создание Национального координационного центра информационной безопасности на базе КНБ РК, координирующий работу по пресечению и устранению компьютерных атак.

В Казахстане также функционирует Центр анализа и расследования кибератак (ЦАРКА) – единственная в стране служба реагирования на компьютерные инциденты в области ИБ, оказывающая услуги пентеста (тестирование на проникновение). Создать техногенный вирус, способный уязвить объект информатизации, крайне сложно, но возможно. Несвоевременность принятия оперативных мер или попросту отсутствие необходимых ресурсов может привести к фатальному исходу. Именно поэтому обеспечение информационной безопасности должно быть направлено прежде всего на предотвращение рисков, а не на ликвидацию их последствий. Именно в этом заключается миссия Центра – обнаружить и устранить проблемы безопасности прежде, чем они станут серьезной угрозой.

В Казахстане действуют различные ассоциации, нацеленные на повышение информационной безопасности республики. Так, по мнению участников отрасли, чем больше подобных структур действуют на территории страны, тем более развитым считается рынок информационной безопасности. В стране функционирует интернет-ассоциация Казахстана, объединяющая

свыше сорока юридических лиц, представляющих информационное пространство страны.

Немаловажную роль в обеспечении кибербезопасности играет и частный сектор. Основные тенденции развития кибербезопасности в условиях взаимодействия частного предпринимательства и государства требуют создания нового механизма работы государственно-частного партнерства (далее - ГЧП). Старые методы работы не отвечают актуальным требованиям ввиду того, что кибербезопасность является относительно новым видом предпринимательской деятельности, поэтому компенсация инвестиций частного сектора представляется не совсем понятным и урегулированным. В целях привлечения частных компаний в проекты ГЧП государству необходимо увеличивать количество государственных заказов, связанных с информационной безопасностью, например, разработка нового программного обеспечения. Внедрение новых технологических и организационных решений, а также оказание компаниями содействия властям в раскрытии преступлений требуют создание и улучшение правовых условий. В целях повышения интереса следует рассмотреть вопрос об оказании субсидиарной поддержки, установлении льготных ставок арендной платы за пользование имуществом, находящимся в государственной собственности, а также обеспечении гарантий в случае изменений в законодательстве РК.

Одним из главных стратегических направлений по обеспечению безопасности информационного пространства является реализация методов по совершенствованию законодательной базы с целью выработки системы правового обеспечения борьбы с кибертерроризмом.

При этом, следует отметить, что ни в одном правовом акте Республике Казахстан понятие «кибертерроризм» не имеет нормативного закрепления. Данная проблема препятствует эффективности политики противодействия в системе обеспечения информационной безопасности.

Необходимо определить и категорировать объекты информационно-коммуникационной инфраструктуры государства, нарушение функционирования которых может привести к негативным последствиям для благополучного состояния страны. В дальнейшем наладить систему взаимодействия государственных органов и технических операторов, которая позволяла бы отслеживать компьютерные атаки, предотвращать их последствия и принимать соответствующие превентивные меры.

Таким образом, кибертерроризм продолжает выходить за рамки возможного, опережая создание новых средств защиты и нанося огромный ущерб не только отдельным объектам информационных технологий, но и в целом государству. Информационная безопасность страны должна формироваться на основе развития научной, законодательной, организационной и технической направлений, вырабатывая таким образом единый подход к реализации национальной политики Республики Казахстан.

### **Список литературы:**

1. Количество интернет-пользователей в Казахстане за 2017 год выросло на 4%. – URL: [https://kursiv.kz/news/vlast-i-biznes/2018-02/kolichestvo-internet-polzovateley-v-kazahstane-za-2017-god-vyroslo-na;](https://kursiv.kz/news/vlast-i-biznes/2018-02/kolichestvo-internet-polzovateley-v-kazahstane-za-2017-god-vyroslo-na)
2. О противодействии терроризму: Закон Республики Казахстан от 13 июля 1999 года № 416-І (с изменениями и дополнениями по состоянию на 12.07.2018 г.). – URL: [https://online.zakon.kz/Document/?doc\\_id=1013957](https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=1013957)
3. Уголовный кодекс Республики Казахстан от 3 июля 2014 года № 226-V (с изменениями и дополнениями по состоянию на 11.01.2020г.). – URL: [https://online.zakon.kz/document/?doc\\_id=31575252](https://online.zakon.kz/document/?doc_id=31575252)
4. Об информатизации: Закон Республики Казахстан от 24 ноября 2015 года № 418-V (с изменениями и дополнениями по состоянию на 01.01.2020г.). – URL: [https://online.zakon.kz/document/?doc\\_id=33885902#pos=3;-155](https://online.zakon.kz/document/?doc_id=33885902#pos=3;-155)
5. О национальной безопасности Республики Казахстан: Закон Республики Казахстан от 6 января 2012 года № 527-IV (с изменениями и дополнениями по состоянию на 01.01.2020 г.) – URL: [https://online.zakon.kz/document/?doc\\_id=31106860&mode=p&page=2#pos=281;-137](https://online.zakon.kz/document/?doc_id=31106860&mode=p&page=2#pos=281;-137)
6. Положение республиканского государственного учреждения «Комитет по информационной безопасности Министерства цифрового развития, инноваций и аэрокосмической промышленности Республики Казахстан. – URL: <https://www.zakon.kz/4980725-utverzhdeno-polozhenie-respublikanskogo.html>
7. Об утверждении Концепции кибербезопасности («Киберцит Казахстана»): постановление Правительства Республики Казахстан от 30 июня 2017 года № 407. – URL: [https://tengrinews.kz/zakon/pravitelstvo\\_respubliki\\_kazahstan\\_premier\\_ministr\\_rk/hozyaystvennaya\\_deyatelnost/id-P1700000407/](https://tengrinews.kz/zakon/pravitelstvo_respubliki_kazahstan_premier_ministr_rk/hozyaystvennaya_deyatelnost/id-P1700000407/)

**Мақсұт Нұрболат Бақытжанұлы**  
Қазақстан Республикасының Бас прокуратурасы жанындағы  
Құқық қорғау органдары академиясының магистранты,  
Қазақстан Республикасы, Нұр-Сұлтан қ.

## **ҚҰҚЫҚТЫҚ МӘДЕНИЕТ СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚТЫҢ АЛДЫН АЛУ КӨЗІ РЕТІНДЕ**

***Түйін.** Мақалада азаматтардың құқықтарын түсіндіру және олардың мемлекетке қатысты азаматтық патриотизмін арттыру арқылы сыбайлас жемқорлықтың алдын алу көзі ретінде құқықтық мәдениет талданады. Құқықтық мемлекетті қалыптастыруда азаматтық ұстаным ерекше рөл атқарады. Өзіне толыққанды азаматтықты қалыптастырған адам қоғамда сыбайлас жемқорлық ретінде болып жатқан келеңсіз құбылыстарға немқұрайлы қарамайды. Әрбір тұлға қоғамда және әлеуметтік өмірде өз орнын ала отырып, белгілі бір рөл атқарады. Қазіргі әлемде көптеген ақпараттық-мәдени іс-шаралар қылмыстың алдын алуға бағытталған, алайда көптеген мемлекеттерде сыбайлас жемқорлық сияқты проблема бар. Мемлекеттегі сыбайлас жемқорлықты мемлекеттің дамуының негізгі жауы деп санаған жөн.*

***Түйінді сөздер:** құқықтық мәдениет, сыбайлас жемқорлық, құқық бұзушылық, алдын алу, азаматтық ұстаным.*

***Аннотация.** В статье анализируется правовая культура как источник профилактики коррупции путем разъяснения прав граждан и повышением их гражданского патриотизма в отношении к государству. Вместе с тем, в формировании правового государства особую роль играет гражданственность. Человек, сформировавший в себе полноценную гражданственность, не может быть равнодушен к происходящим в обществе негативным явлениям. Каждая личность, занимая в обществе и социальной жизни свое место, выполняет определенную роль. В современном мире много информационно-культурных мероприятий направлены на профилактику преступлений, но тем не менее во многих государствах существует проблема как коррупция. Коррупция – основной враг развития государства.*

***Ключевые слова:** правовая культура, коррупция, правонарушение, профилактика, гражданственность.*

***Annotation.** The article analyzes the culture of law as a source of prevention of corruption by explaining the rights of citizens and increasing their civic patriotism towards the state. In the formation of the rule of law, a special role is played by citizens of the civil position. A person who has formed a full-fledged citizenship can not be indifferent to the negative phenomena that occur in society as corruption. Each individual, taking its place in society and social life, performs a certain role. In the modern world a lot of information and cultural events are aimed at preventing crime but nevertheless in many countries there is such a problem as corruption. Corruption in the state can be considered the main enemy of the development of the state.*

***Key words:** legal culture, corruption, crime, prevention, society, citizen.*

Қазіргі әлемде көптеген ақпараттық-мәдени іс-шаралар қылмыстың алдын алуға бағытталған, алайда көптеген мемлекеттерде сыбайлас жемқорлық секілді проблема бар. Мемлекеттегі сыбайлас жемқорлықты мемлекеттің

дамуының негізгі жауы деп санауға болады. Алдын алу мақсатында мемлекеттің негізгі саясаты ретінде жалпы құқықтық мәдениетті арттыруды қарастырып, үгіт-насихат конференцияларын, түрлі салалардан келген адамдардың қатысуымен түрлі кеңестерді ұйымдастыру нәтижелі болар еді. Мұндай іс-шаралар сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру және қоғамда, оның ішінде мемлекеттік қызметшілер арасында сыбайлас жемқорлықтың кез келген көріністеріне «мүлдем төзбеушілік» ахуалын құру мақсатында өте пайдалы. Бұл тақырыпта, алдымен құқықтық мәдениет деген не екенін түсіну керек. Құқықтық мәдениет - білімнің жалпы деңгейі және қоғамның құқыққа объективті көз қарасы; өмір сүру процесінде пайда болатын нормалар, нанымдар мен ұстанымдар түріндегі құқықтық білім жиынтығы. Өзара араласатын қоғамның қарым-қатынасында және мінез-құлқында көрініс табады. Мәдени және құқықтық тәрбие мен оқыту жүйесінің ықпалымен қалыптасады. Құқықтық мәдениет рухани мәдениеттің құрамдас бөлігі болып табылады. Құқықтық мәдениет көрініс табу ортасына байланысты үш түрге алып қарастыруға болады [1]:

- қоғамның құқықтық мәдениеті;
- тұлғаның құқықтық мәдениеті;
- топтың құқықтық мәдениеті.

Біздің жағдайымызда жалпы құқық бұзушылықтың алдын алу үшін қоғамның құқықтық мәдениетіне көбірек назар аудару қажет. Көптеген жағдайларда сыбайлас жемқорлықтың негізгі себебі қылмыс құрбандарының өз құқықтарын білмеуі болып табылады. Егер әрбір адам мемлекет көмегімен өз құқығын толық көлемде қорғай алатын болса, ол заңды айналып өту жолында сыбайлас жемқорлықтың құрбаны болмас еді. Азаматтардың құқықтық мәдениетін көтере отырып, азаматтардың құқықтық санасы мен құқықтық белсенділігінің деңгейін арттыруға болады. Бұрынғы одақтас мемлекеттерде қазіргі уақытта азаматтардың әлсіз құқықтық белсенділігі байқалады. Бұл элемент азаматтардың, лауазымды адамдардың құқықтарын қолдану (білім мен түсінушілік білдіру), тыйым салуларды сақтауға, құқықтарды пайдалануға, міндеттерді орындауға бағытталуы дәрежесінен көрінеді. Әрбір азамат: құқық – қоғамдық қатынастар саласында құндылық болып табылатынын ұғынуға; өз құқығын білуге, оның мағынасын түсінуге, заңның қандай да бір ережелерін түсіндіре білуге, оның мақсатын анықтауға, іс-әрекет саласын айқындауға; практикалық қызметте алынған құқықтық білімді қолдана білуге, заңды өз құқықтарын, бостандықтары мен заңды мүдделерін қорғау үшін пайдалануға арналған; қиын құқықтық жағдайларда өзін ұстай білуі қажет.

Азаматтық мәдениет - бұл тек саяси құндылықтардың белгілі бір жүйесі ғана емес, сонымен қатар адам, қоғам және билік арасындағы қарым-қатынастардың ерекше бөлігі, бұл адам өзін азамат ретінде сезінуге мүмкіндік береді. Қоғам демократиялық болып, ал билік - өз функциялары шеңберінде, демократиялық институттарды қалыптастыру арқылы реттелетін процесс.

Қоғамның дамуының осы кезеңінде біздің қоғам өмірінің барлық негізгі салалары және онда ұсынылатын өзгерістер заңмен қамтамасыз етілген кезде,

әсіресе азаматтардың құқықтық мәдениетін дамыту және жетілдіру қажет, өйткені ол құқықтық мемлекетті нығайтудағы басты қайта құрушы болып табылады. Ол үшін азаматтар құқықтық білімді даярлап, тәрбиенің құқықтық нысандарын таңдау қажет.

Құқықтық ортаны қамтамасыз ету үшін заңнаманы насихаттауды одан әрі дамыту қажет. Өз міндеттері мен құқығын жоғары дәрежеде білген азамат мемлекеттің саясатына сенім артатын болады. Басқаша айтқанда, бұл мемлекеттің әрбір азаматына патриоттық тәрбие беруге болады деген сөз [2]. Мемлекеттегі өзінің рөлі мен маңыздылығын білетін азамат, билеуші элитадан немесе референттік топтан өз пікірінде бола отырып және саясаттың қулығын өз бетінше түсінуге және өзінің шешімін ұсынуға қабілетті болады, бұл құқықтық білімнің жеткілікті жоғары деңгейі мен әрекет етудің ішкі ұстанымының бар екендігін және өз іс-әрекеттері үшін жауапты болуға дайын екендігін көрсетеді. Басқаша айтқанда, құқықтық мәдениет - бұл құқықтық актілердің тиісті деңгейіне, құқықтық сананың құқықтық және құқық қолдану қызметіне және жеке адамның құқықтық дамуына, сондай-ақ қоғамдық дамуға және қоғамның өмір сүру жағдайларын қолдауға оң әсер ететін мінез-құлық еркіндігі мен мемлекет пен жеке адамның өзара жауапкершілігі дәрежесіне, қол жеткізуден көрінетін қоғамның құқықтық өмірінің сапалы жай-күйі.

Сыбайлас жемқорлық жазылмайтын ауру тәріздес, ежелгі заманнан бері қоғаммен мемлекеттік ұйымдарда бар және әлі күнге дейін жеңілмеген болып қала береді. Ол заңның үстемдігі, демократия және адам құқықтарының басымдығы қағидаттары негізінде жария биліктің жұмыс істеуі үшін, қоғамның әлеуметтік дамуы мен экономикалық өсуі үшін аса маңызды қауіптердің бірі болып табылады.

Әлемдік экономиканың жаһандануы жағдайында «сыбайлас жемқорлық» мемлекеттердің шегінен, ішкі ұлттық шаруашылықтар мен экономикалардан асып кетті және жаһандық пандемия ретінде бүкіл әлем бойынша тарала бастады. Жаһандану жағдайында сыртқы экономикалық байланыстарды ырықтандыру, денационалдандыру және кеңейту, қаржы және өзге де қаражаттың шектелмеген айналымы үшін қолайлы орта болып табылады. Бұл тұрғыда жаһанданудың өзі, оның ішінде сыбайлас жемқорлықтың өсіп-жетілуінің және оның сыбайлас жемқорлық арналарының желісін кеңейтудің қоректік ортасы болып табылады. Жаһанданудан туындаған өзгерістер нәтижесінде сыбайлас жемқорлық феномені жергілікті емес - ұлттық проблема емес, бай және дамушы елдерді таң қалдыратын жалпы әлемдік ауқымдағы қауіп болып табылады. Кейбір мағынада, сыбайлас жемқорлық - азық-түлік, экологиялық проблема немесе тұщы судың жетіспеушілігі проблемасымен қатар адамзаттың жаһандық проблемаларының бірі [3]. Сыбайлас жемқорлықтың жаһандық сипаты әлемдік қоғамдастықтың барлық мемлекеттерінде сыбайлас жемқорлық көріністері көп немесе аз дәрежеде орын алуда. Дүниежүзілік банк институтымен жүргізілген зерттеу нәтижелері бойынша жыл сайын бүкіл әлемде 1 трлн. АҚШ доллары көлемінде сыбайлас

жемқорлық қаражаты айналымы жүргізіледі, оны қабылдау бүкіл әлемде қанша пара төленетіні туралы жалпы түсінік бере алады.

Сыбайлас жемқорлық кәсіпкерлік қызмет саласында шешімдер қабылдаудың оңтайлы және тиімді дәйектілігін бұзады, саяси шешімдерді қабылдау және жүзеге асыру жүйесіндегі ішкі тұтастықты жояды. Кең мағынада, сыбайлас жемқорлық - бұл демократияға қарсы, өйткені ол қалған көпшілік есебінен артықшылықтарды қоғамның аз бөлігіне ғана қамтамасыз етеді. Сыбайлас жемқорлыққа байланысты қаржы және адам ресурстарын бөлу әділетсіз, әлеуметтік көзқарас тұрғысынан және экономикалық тұрғыдан тиімсіз болып табылады. Ресурстар теріс пиғылды және тиімсіз пайдаланушылардың қолына шоғырланады, көбінесе мемлекеттің әлеуметтік, саяси және экономикалық мақсаттарына және қоғамның сауалдарына қайшы келеді.

Қоғам үшін ең қорқынышты қауіптердің бірі - қоғам мен оның жекелеген өкілдерінің («адамшылдардың», қатардағы азаматтардың) санасында сыбайлас жемқорлықтың стереотипі тек этикалық тұрғыдан қолайлы мінез-құлық стратегиясы ретінде ғана емес, сонымен қатар мінез-құлық стереотипі ретінде де одан да тереңдей түседі. Керісінше, бұл құбылыстың қоғамдық қауіптілігі туралы түсінік жойылады. Азаматтардың түсінігінде парақорлық ретінде сыбайлас жемқорлық көріністеріне этикалық төзімділігінің төменгі шегі, ол үшін қылмыстық жаза қарастырылғаны, уақыт өте келе ұғынады. Сыбайлас жемқорлық құқықтық, қоғамдық және экономикалық институттарға деген құрметін төмендетіп, азаматтардың биліктің өкілі мен атқарушы органдарының, сот жүйесінің жұмысына деген сенімін бұзады. Жеке сектордың криминализациялануы, оның ішінде ұйымдасқан қылмыс, қоғамның жұмыс істеу нормасы ретінде қабылданады [4]. Қаржы-экономикалық дағдарыстар жағдайында мемлекеттің қаржылық және саяси жүйелерінің сыбайлас жемқорлық көріністеріне қарсы тұруын төмендетеді. Әлемдік экономикада табысқа жетуіне кедергі жасай отырып, елдің бәсекеге қабілеттілігін нашарлатады.

Бұл жағдайда сыбайлас жемқорлық қылмыстарға саяси қарсы іс-қимыл проблемаларын талдау, сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрестің шетелдік тәжірибесін қарау осы құбылысқа қарсы күрес жөніндегі жұмыстың дәйектілігі мен тиімділігінің шарты болып табылады, оның бірінші кезеңдерінде заңнаманы жетілдіру, Қазақстанда сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл стратегиясы мен тактикасын әзірлеу жүзеге асырылуы тиіс.

Жоғарыда айтылған мән-жайлар сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметтің шетелдік және халықаралық практикасын зерделеу, оның элементтерін Қазақстанда қолдану мүмкіндіктерін бағалау және сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрестің отандық жағдайларға бейімделген тетіктерін әзірлеу қажеттігін айқындады.

Осылайша, зерттеудің өзектілігі анықталады:

Біріншіден, қазіргі заманғы саяси шындық құбылысы, оның ерекшеліктері, сыртқы экономикалық байланыстар мен қарым-қатынастардың

детерминирленген жаһандануы және ырықтандыруы ретінде сыбайлас жемқорлықты талдау қажеттілігі.

Екіншіден, Қазақстандағы сыбайлас жемқорлықтың мазмұны мен ерекшеліктерін анықтаудың ғылыми-практикалық маңыздылығы, сондай-ақ сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың отандық тәжірибесін ұғыну қажеттілігі.

Үшіншіден, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылды шетелдік жалпылаудың орындылығы, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың тиімді әдістері мен тәсілдерін анықтау, оларды қазіргі заманғы отандық саяси практикада сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жоспарында пайдалану мүмкіндігін айқындау мақсатында.

Төртіншіден, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың жинақталған шетелдік және отандық тәжірибесін ескере отырып, мемлекеттік сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатты түзету қажеттілігі.

Отандық және шетелдік ғылыми дереккөздерде және ресми құжаттарда сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл проблемасына ғылыми әзірлену дәрежесі соңғы уақытта аса назар аударылуда.

#### **Әдебиеттер тізімі:**

1. Гуляихин В.Н. Правовая культура как объект научного исследования: методологические подходы, структура и критерии оценки // *Юридические исследования*. 2013. № 4. С. 135—158.

2. Ерекенов Ж.Е. Гражданское право Правовая культура Право в Казахстане // *Журнал: Вестник Актюбинского университета им. С. Баишева, г.Актобе 2009 год*.

3. Волков А.Н. Актуальные вопросы законодательного обеспечения противодействия коррупции // *Современное право*. - 2010. - № 12. - С. 1317;

4. Волженкин Б.В. Коррупция: политические, экономические, организационные и правовые проблемы. - СПб., 1998;

5. Долгова А.И. Криминологические оценки организованной преступности и коррупции, правовые баталши и национальная безопасность. -М.: Российская криминологическая ассоциация, 2011;

6. Ведерникова О.Н. Коррупция: нравственно-правовой аспект - М., 2001;



**Нұрбек Дана Тәсібекқызы**

І. Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университетінің  
аға оқытушысы, құқық магистрі,  
Қазақстан Республикасы, Талдықорған қ.

**Дарибаев Ғалымжан Серікжанұлы**

І. Жансүгіров атындағы  
Жетісу мемлекеттік университетінің магистранты,  
Қазақстан Республикасы, Талдықорған қ.

## **ЗОРЛЫҚ ҚЫЛМЫСТЫЛЫҒЫНЫҢ КРИМИНОЛОГИЯЛЫҚ СИПАТТАМАСЫ**

***Түйін.** Мақалада зорлық-зомбылық қылмыстылығына анықтама және негізгі түрлеріне сипаттама берілген. Сондай-ақ, зорлық қылмыстылығы жөніндегі құқықтанушы және криминолог мамандардың айтқан көзқарастарына талдау жасалған.*

***Түйінді сөздер:** зорлық-зомбылық, қылмыстылық, бұзақылық, қажеттілік, элемент, себеп.*

***Аннотация.** В статье дается определение и характеристика основных видов насилия. Также проведен анализ научных взглядов специалистов-правоведов и криминологов о насильственной преступности.*

***Ключевые слова:** насилие, преступность, хулиганство, необходимость, элемент, причина.*

***Annotation.** This article defines violence and describes the main types of violent crime. An analysis is also made on the views of lawyers and criminologists on violent crime.*

***Key words:** violence, crime, hooliganism, necessity, element, reason.*

Ю.М. Антонянның айтуынша, зорлық қылмыстылық – адамның еркіне қарсы дене және моральдық құндылықтарына зиян келтіруді көздейтін күш қолдану не оны қолдану қауімімен, психикалық қауіппен жасалатын қылмыстардың жиынтығы деген. Зорлық қылмыстылықты кең және тар мағынада түсінуге болады: *кең мағынада* – оған зорлық-зомбылық құралы ретінде қолданылатын барлық әрекеттерді, ал *тар мағынада* – зорлық-зомбылық қылмыстық ниеттің элементтерінің бірі болып табылатын әрекеттерді құрайды.

Зорлық-зомбылық қылмыстылығына кісі өлтіру, денеге қасақана зиян келтіру, зорлау және бұзақылықты жатқызуға болады. Бұл қол сұғушылық, ең алдымен, қылмыстық іс-әрекеттің әлеуметтік-психологиялық механизміне байланысты ішкі біртектілікпен сипатталатын қылмыстарды құрайды. Бұл адамдарға деген агрессивті және немқұрайлылық, олардың өміріне, денсаулығына, ар-намысы мен қадір-қасиетіне қол сұғылмау, қоғамның мүдделеріне қайшы келетін «менмендік» қылмыскерлердің жағымсыз көрінісі [1].

Зорлық қылмыстылық қоғамдық қауіптілік деңгейі мен олардың салдарының ауырлығы жағынан көптеген басқа қылмыстық көріністерден асып түседі. Олар қоғамға орасан зор, кейде орны толмас зиян келтіреді. Жыл сайын мыңдаған адамдар олардың құрбаны болады.

Мұндай қылмыс жасаған адамдар үйде және бос уақытта қоршаған ортадағы зорлық-зомбылықтың әсерін таратады. Дәл осы қылмыстар жалпы адамзаттық мораль тұрғысынан айыпталады. Қылмыстық зорлық-зомбылықтың күшеюі азаматтардың алаңдаушылығын туғызады.

Зорлық-зомбылық қылмыстылығы заңдылық деңгейін және басқа да криминологиялық сипаттамалардың, ең алдымен, адамдардың өмірінің ең жоғарғы құндылығына қол сұғатын қасақана жасалған кісі өлтіруді талдау негізінде айқын көрінеді. Олардың ерекше ауырлығы аз (барлық тіркелген қылмыстардың 1%-ын құрайды).

Зорлық қылмыстылығының 80%-ы қайшылықты отбасылық, жеке, тұрмыстық, әлеуметтік қатынастар негізінде немесе бос уақытын өткізу кезінде жасалады.

Алайда, зорлық-зомбылықтың жалпы тұрмыстық, ситуациялық сипаты аясында оның құрылымы айтарлықтай сапалы өзгерістерге ұшырайды. Олар қылмыстың жекелеген түрлерінің әлеуметтік қауіптілігін айтарлықтай арттырады.

Қасақана жасалған қылмыстардың құрылымында зорлық қылмыстардың үлесі өсуде. Олар қылмыстық әрекетті жоспарлау, әртүрлі дайындық әрекеттерін жүзеге асыру, алдын алу шараларын әзірлеу, нақты қылмыс жасауға белгілі бір адамдардың қатысуымен сипатталады.

Зорлық қылмыстылықтың ұйымдасқан қылмыс түріне тез ортаға енеді. Зорлық-зомбылық арқылы қылмыстық топ арқылы мақсатқа жетуге әкеліп соқтырады. Көбінесе олар кәсіпорындарда, кейбір қоғамдық ұйымдарда кездеседі.

Зорлық қылмыстылық маңызды құрылымдық элемент – топтық маскүнемдікке, нашақорлыққа және қоғамдық тәртіпті бұзуға арналған жастар топтарынан тұрады.

Көшеде және басқа да қоғамдық орындарда зорлық-зомбылықтың көбеюі осы топтарға байланысты.

Көшеде, алаңдарда, саябақтарда әрбір төртінші кісі өлтіру және ауыр дене жарақатын келтіріледі. Пайдакүнемдікке негізделген жеке өмірге және денсаулыққа қарсы ауыр қылмыстардың өсуі байқалады.

Біз автокөлік пен басқа мүлкітке байланысты кісі өлтіру туралы айтып отырмыз. Сонымен бірге адамға жағымсыз және абайсызда жасалған ниеттер жиі кездеседі, олар пайдакүнемдік ниеттерге негізделеді: ішімдікке ақша алу, есірткі сатып алу және т.с.с. бұзақылық себептерімен жеке өмірге және денсаулығына қарсы қылмыстар демалыстарда жиі кездеседі.

Олар қылмыскерлердің жеке басындағы әлеуметтік және психологиялық кемшіліктерді, өз-өзіне сенімділікті, дұшпандықты, арсыздық және басқаларға қатыгездік жасауды қанағаттандырудың қатыгез тәсілдерін көрсетеді.

Бұзақылық ниеттер қоғамдық тәртіпке ашық қарсылық білдіруге, қатал күш пен маскүнемдік танытуға, әділетті ескертуді және тағы басқаларға бағытталады. Қазіргі уақытта кісі өлтірудің 20% -ы және қасақана ауыр зиян келтіру жағдайларының шамамен 30% -ы бұзақылық себептермен жасалған.

Зорлықтық қылмыстылықтың маңызды санының элементтері – ерекше қатыгездік, қорлау, қол сұғушылық құрбандарын келемеждеу. Сарапшылар заманауи тұрмыстық зорлық-зомбылық қылмысының қатыгездік индексінің жоғарылағанын айтады. Зорлық-зомбылыққа байланысты өлтірулер көбейіп келеді.

Бұл қылмыстар қылмыскерлердің жеке басының ерекше бағдарын, олардың азғындық, шектен тыс қатыгездігін көрсетеді [2].

Мұндай әрекеттерді қатыгез қылмыскерлер жасаған жағдайлар жиі кездеседі. Дәл осы нәпсіқұмарлық адамдар бірнеше кісі өлтіру мен зорлау жасайды, олардың құрбандарының саны ондағанға жетеді. Оларды жүзеге асырудың басты ниеті – қатыгездік түрдегі нәпсіқұмарлықты қанағаттандыру. Жиі зорлық үшін жауаптылардың жыныстық себептері бұзақылықпен, әйелді қорлау немесе бопсалау, оны мазақ ету, бір нәрсе үшін кек алу және т.б. Көбінесе қылмыстық мінез-құлқтың ниеті зорлық-зомбылыққа, агрессияға, қатыгездікке деген қажеттілікті қанағаттандыру болып табылады.

Зорлық қылмыстылығын жасағандардың басым көпшілігін ер адамдар (90-93%) құрайды. Мұнымен ерлер мен әйелдердің әлеуметтік рөлдері, жыныстардың психофизикалық сипаттамалары айтарлықтай түсіндіріледі. Ерлердің бос уақытын өткізу үшін, кездейсоқ серіктестіктерде уақыт өткізу, алкогольді маскүнемдік жиі жанжал тудырады.

Ерлер мен әйелдер жасаған зорлық-зомбылық қылмыстарының ниетінде айырмашылықтар бар. Соңғыларында қызғаныш, кек алу, қызғаныштық ниеттері басым. Әйелдер бірнеше зорлық-зомбылықты жәбірленушінің анық білдірілген құрбандық мінез-құлқының (ерлі-зайыптылардың өнегесіз және заңсыз әрекеттері) негізінде жасайды.

Соңғы жылдары олар үшін «дәстүрлі емес» қылмыстарды бұзақылық және менмендік мақсатымен кісі өлтіру, сондай-ақ ерекше қатыгездікпен жасалған қылмыстардың санының өсуі байқалады. Қатыгез қылмыскерлер мен бұзақылардың негізгі контингенті – жас және орта жастағы адамдар (40 жасқа дейін), зорлық-зомбылық қылмыскерлердің саны жоғары және 25-29 жас аралығындағы адамдарға тән.

Олардан кейін 18-24 жас, 30-39 жас, 16-17 жастағы топтарға тән. Белгілі бір ерекшелік жыныстық қылмыс жасаған адамдардың жас ерекшеліктерінде байқалады. Жас аралығы ең жоғары қылмыстық әрекеті 18 жастан 24 жасқа дейін (олардың ішінде 37-38 адам); 26-28% - 30 жастан асқан адамдар; 20% - 25-29 жас және 13-15% кәмелетке толмағандардың үлесіне келеді.

Зорлық-зомбылық жасаған адамдардың білім деңгейі қарапайым халықтың ғана емес, сонымен бірге басқа да қылмыс жасағандардың да білім деңгейінен төмен. Ерекшелік – бұл кісі өлтіруді ұйымдастырушылар мен

кінәлілерді жалдауға үйрету. Жалпы орта білімі жоқ адамдар бұзақылық әрекеттердің 60-65%-ын жасайды.

Жұмысшылар санатына жатқызылған тұлғалардың қылмыстық іс-әрекет коэффициенті шаруалар мен жұмысшылардың ұқсас белсенділік коэффициенттерінен асады.

Бірақ жұмысшылар құрамындағы қылмыскерлердің негізгі бөлігі салыстырмалы түрдегі біліктілігі жоқ және жұмыс тәжірибесі аз адамдар. Қоғамдық пайдалы қызметпен айналыспайтын адамдардың үлесі үнемі артып келеді.

Олардың қатыгез қылмыскерлер саны үлесі 20-дан 25%-ға дейін. Ауырлығы орташа қылмыстардың едәуір бөлігін бұрын сотталған адамдар жасайды. Олар қасақана кісі өлтірудің 35%, ауыр дене жарақаттарының 24%, зорлаудың 40%, бұзақылықтың 20%-ын құрайды.

Маскүнемдіктің зорлық қылмыстылық жасаудағы рөлі жоғары криминогендікке ие. Адамға қатысты ауыр зорлық-зомбылық әрекеттерінің шамамен 70%-ы (адам өлтіру, денеге ауыр зиян келтіру, зорлау) және қылмыстық бұзақылық актілерінің 90%-дан астамы мас күйінде адамдар жасаған, бұл қылмыстардың едәуір бөлігі созылмалы алкогольизммен байланысты. Оларда нашақорлар мен уытқұмарлардың үлесі артып келеді.

Зорлық-зомбылық жасаған қылмыскерлердің арасында ақыл-ойы кем, психикалық ауытқулары бар адамдардың саны көп (жыныстық ауытқулар, есалаңдық, жарыместік, орталық жүйке жүйесінің органикалық зақымдануы). Бұл теріс үрдіс халықтың маскүнемдікке және нашақорлыққа тәуелді болуына байланысты болып табылады. Криминологтар зорлық қылмыскерлердің негізгі үш түрін олардың қоғамға жат қылықтарымен, сипатымен ажыратады.

Олардың біріншісі анық және тұрақты түрде агрессивті және зорлық-зомбылықпен бағытталған қылмыскерлерді қамтиды. Бұл адамдарға теріс қарамау және оның ең маңызды артықшылықтары (өмірі, денсаулығы, қадір-қасиеті) және қақтығыстарды шешудің зорлық-зомбылық құралдарына жол берілетіндігімен сипатталады.

Басқа адамның өміріне, денсаулығына және қадір-қасиетіне жасалған қылмыстық қол сұғушылық олар үшін өмірдің әртүрлі салаларында, әр түрлі жағдайларда агрессивті және зорлық-зомбылық мінез-құлқының тізбегінің байланысы болып табылады.

«Мұндай қаскүнем қылмыскерлердің басты тұлғалық белгілері – бұл менмендік, ашуланшақтық, қатыгездік, агрессивтілік, адамгершілікке бейімсіздік, арсыздық.

Мұндай адамдар өмірге және денсаулығына қасақана қоғамға қауіпті көп бөлігін жасайды (тонау кезінде, зорлауды қолдану, басқа қылмысты жеңілдету және жасыру үшін; кек алу және т.б.) [3].

Зерттелген бірінші типтегі қылмыскерлердің едәуір үлкен бөлігі, адамның агрессивті-зорлық-зомбылыққа бейімділігі жанжал жағдайымен бірге қылмыс жасауға итермелейді. Олар үшін физикалық күш қолданумен байланысты өзін-өзі растаудың қарапайым стереотипі үшін қылмыстық қол сұғумен жасалуы

үшін шамалы себеп жеткілікті және олар көбінесе қылмыстық арандатушылық жағдай туғызады.

Екінші типтегі қылмыскерлерге теріс пиғылды адамдар, бұрын түрлі құқық бұзушылықтар жасаған, бірақ адамға қарсы қол сұғу жасауда бағыты нақты көрсетілмеген адамдар жатады. Зорлық қылмыстылығын жасау олар үшін маңызды мақсаттарға жетудің құралы болып табылады.

Мұндай адамдар, зерттеу нәтижелері бойынша, зерттелген контингенттің ішінде 20%-ды құрады. Қатыгез қылмыстың бұл түрі «аралық» деп те аталады.

Үшінші типке ситуациялық қылмыскерлерді жатқызуға болады. Олардың барлығы зорлық қылмыстылығын қолайсыз сыртқы жағдайға байланысты жасайды. Олардың мінез-құлқында алдыңғы екі типке тән белгілер жоқ, шамамен 30%-ды құрайды.

Ендігі кезекте зорлық қылмыстылығының типологиясы жөнінде қарастырайық.

Ю.М. Антонян зорлық қылмыстылығын жіктеудің бірнеше негізін ұсынған: *Біріншіден*, ол зорлық-зомбылық әрекеттерінен пайда болатын және өмір сүретін қоғамдық өмір салаларынан пайда болады делінген. Осы критерий бойынша мыналарды ажыратуға болады:

Тұрмыстық зорлық қылмыстылық – тұрмыста жеке тұлғалық шиелініс негізінде жасалған кісі өлтіру және денсаулыққа зиян келтіру;

Көшелік зорлық қылмыстылық – көшеде және басқа да қоғамдық орындарда жасалынатын бұзақылық, пайдакүнемдік және өзге де ниетпен адамның өмірі мен денсаулығына қол сұғу;

Жартылай және жабық зорлық қылмыстылық – әскери мекемелерде, қоғамнан оқшаулау мекемелерінде жасалынатын бұзақылық.

Бұл топқа осы қоғамдастық контингентінің кейбір өкілдері басқа өкілдерге қарсы зорлық әрекеттерін жасаған жағдайлар кіреді: Атап айтсақ;

- Мемлекеттік органдардың, соның ішінде ұлттық және нәсілдік кемсітушілікке қатысты жазалау зорлық қылмыстылығы;

- Қарулы қақтығыс (халықаралық гуманитарлық құқық) шеңберіндегі зорлық-зомбылық: бейбіт тұрғындарға, әскери тұтқындарға қарсы.

- Этникааралық, діни және басқа да осындай қақтығыстар барысындағы зорлық қылмыстылығы;

- билік үшін күреспен байланысты зорлық қылмыстылығы.

*Екіншіден*, ол зорлық қылмыстылығын деңгейлерге бөлуді ұсынады:

- зорлық қылмыстылық мемлекеттік және мемлекетаралық деңгейде ерекшеленеді;

- топтар арасында: шағын әлеуметтік топтар мен жеке тұлғалар деңгейінде.

Нәпсіқұмарлық сипаттағы қылмыстар – зорлау, зорлаумен ұштасқан кісі өлтіру;

Өзге де зорлық қылмыстылықтар [4].

Ал зорлық қылмыстылықтың себептері мен шарттары туралы айтар болсақ, жоғарыда сипатталған қатыгез қылмыскерлердің жеке басының

ҚР ҚПК 612-бабының 2-тармағына сәйкес, процесстік келісімді қылмыстық заңда тыйым салынған іс-әрекетті есі дұрыс емес күйде жасаған немесе қылмыс жасағаннан кейін психикасының бұзылумен ауырған адамдармен жасауға болмайды [3].

Күдіктімен, айыпталушымен, сотталушымен ынтымақтастық туралы процесстік келісімін тиісінше облыс прокуроры немесе оған теңестірілген прокурор, олардың орынбасарлары, ал сотталған адаммен - Қазақстан Республикасының Бас Прокуроры немесе оның орынбасары бекітеді.

Ынтымақтастық туралы процесстік келісімге келу туралы күдікті, айыпталушы, сотталушы немесе сотталған тұлғадан өтінішхат келіп түскен сәтте, сол өтінішхатты білдірген тұлғаның қорғаушымен қамтамасыз етілгендігіне көз жеткізілгеннен соң ғана прокурор, өтінішхатты қарауға кіріседі.

Осы ретте, 2015 жыл мен 2019 жыл аралығында Қазақстан Республикасының Бас прокуратурасымен жүргізілген талдаудың нәтижесінде 122 өтінішхат берілгендігі анықталды, 60 өтінішхат негізі бойынша қаралса, 62 өтінішхат қараусыз қалдырылып, өтінішхат иесіне процесстік келісім жасасудан бас тартылуына байланысты қайтарылған [4].

**Қазақстан Республикасында 2015-2019 жылдар аралығында ынтымақтастық туралы жасасқан келісім бойынша сотта қаралған істер саны [5]**



Прокурор, келіп түскен өтінішхаттың іс-қағаздар жүргізу талаптарына сай, сонымен қатар ҚР ҚПК-нің нормаларына сай ынтымақтастық туралы процесстік келісімге келу туралы өтінішхатты қарауға кіріседі.

Егер де өтінішхат білдірушінің ақпараты шындыққа ұласып, орын алған қылмысты ашуға, оны тергеуге айтарлықтай зор үлесін қосады деп пайымдаса, өтінішхат білдірген тұлғамен ынтымақтастық туралы процестік келісімге келу туралы шешім қабылданады. Ал егер де, өтінішхат білдірген адамның берген ақпараты шындыққа ұласпаса немесе ҚР ҚПК 620-бабының шарттарына сай келмесе, ынтымақтастық туралы процестік келісімге келуден бас тартылады. Осыған мысал, ШҚО прокуратурасына күдікті И. ынтымақтастық туралы процестік келісім жасасуға өтінішхат білдірген. Өтінішхатты қарау барысында күдікті И. көрсеткен ақпарат қылмыстық қудалау органына мәлім ақпарат екендігі және күдікті И. өтінішхат білдіргенге дейін үшінші тұлғаға қатысты сотқа дейінгі тергеп-тексеру басталғаны анықталып, процестік келісімге келуден бас тартылған.

Үшінші тұлғаларға қатысты айыптау үкімі шыққан соң, өтінішхат білдірген тұлғаның ақпаратының қылмыскерлерді әшкерелеуде, мемлекетке қайтарылған қаражаттың мөлшері және тағы сол сияқты мәселелерге прокурор өз тарабынан ынтымақтастық туралы процестік келісімге келген тұлғаның берген ақпаратына талдау жасай отырып, жазбаша түрде қорытынды жасалғаны жөн деп санаймыз. Бұл мәселе келісімге келу кезінде ҚР ҚПК-да орнын таппаған.

Ынтымақтастық туралы процестік келісімге келу туралы шешім қабылданған жағдайда, екі тарап арасында, яғни бір жағынан мемлекет атынан прокурор, ал екінші жағынан өтінішхат білдірген күдікті, айыпталушы, сотталушы немесе сотталған адамның арасында келісімге келу туралы құжат рәсімделеді. Осы жерде, ынтымақтастық туралы процестік келісімге келудің кінәні мойындау түріндегі процестік келісімнен айырмашылығы, ынтымақтастық туралы процестік келісімге келу барысында, өтінішхат білдірген адамға алдын-ала оның жазасын жеңілдетуге бағытталған ешқандай шарттар қарастырылмайды. Өйткені бұл ҚР ҚПК 476-478-баптарына сәйкес, соттың құзыреттілігіне жатады. Сондай-ақ, ынтымақтастық туралы процестік келісім жасауға бел буып, өтінішхат білдірген адам өзіне жүктелген барлық міндеттерін орындаған жағдайда да, прокурордың өтінішхат білдірген, сотталған тұлғаның жазаны өтеу мерзімін қысқарту немесе жазаны өтеуден шартты түрде мерзімінен бұрын босату түріндегі жеңілдікті қолдануға сот алдында өтінішхат білдіруге заң жүзінде құқығы жоқ. Бұл туралы құқық, сотталған адамның өзінің немесе мерзімін өткеру мекемесінің өтінішхаты бойынша ғана сотта қаралады.

Әрі қарай, ынтымақтастық туралы процестік келісімге келу кезінде, прокурор, сотқа дейінге тергеп-тексеруді жүргізуші тұлға, өтінішхат білдірген адамға оның құқықтарын, сонымен қатар міндетті түрде, ынтымақтастық туралы процестік келісімге келудің құқықтарын салдарын түсіндіреді. Прокурор сотқа дейінгі тергеп-тексеру жүргізуші тұлға, өтінішхат білдірген азамат өзіне жүктелген міндеттері мен ынтымақтастық туралы процестік келісімге келудің құқықтық салдарын толығымен түсінгендігіне көз жеткізгеннен соң, өтінішхат білдірген тұлғаға ҚР ҚК 419-бабының «Көрінеу

жалған сөз жеткізу» құқықтық салдарын, сонымен қатар, өтінішхат білдірген адам, қылмыс туралы өзінің берген ақпаратының негізінде тіркелген қылмыстық іс бойынша куә ретінде танылатынын, сондай-ақ оған ҚР ҚПК 78-бабы «Куә» бойынша куәнің құқықтарын түсіндіру мен ҚР ҚК 421-бабы «Куәнің немесе жәбірленушінің айғақтар беруден бас тартуы» бойынша қылмыстық жауаптылық және құқықтық салдарын түсіндіреді. Өтінішхат білдірген тұлға, өзіне түсіндірілген құқықтық салдар мен ҚР ҚК 419-бабы, 421-бабы бойынша жауаптылық туралы ескертілгеннен соң, өтінішхатқа қол қоюға ниет білдіргеннен соң, екі тарап арасында жасасқан ынтымақтастық туралы процестік келісімнің құжатына қол қойылып, сотқа дейінгі тергеп тексерудің бірыңғай тізілімінде өтінішхат білдірген адамның қылмыс туралы берілген ақпараты, сәйкесінше ҚР ҚК көзделген бабы бойынша тіркеліп, әрі қарай сотқа дейінгі тергеп-тексеру бойынша іс-жүргізілу басталады.

2015 жылдан бері қолданыстағы ҚР ҚПК көзделген «ынтымақтастық туралы процестік келісім» институтының қолдану практикасын реттейтін, ҚПК басқа ешқандай әдістемелік құрал, заң шығарушы тарапынан ешқандай нұсқаулық көзделмеген. Оның себебі, ынтымақтастық туралы процестік келісімге келу институтын аз қолдану деп ойлаймыз. Ынтымақтастық туралы процестік келісімге келуді тәжірибеде қолданудың аз болу себебі, тиісінше оны қолдануды реттейтін нұсқаулығымен байланыстырамыз.

Заң ғылымдарының докторы, профессор М.Ш. Қоғамов 2014 жылғы ҚР ҚПК қосымша зерттеу жүргізу барысында ҚР Бас Прокурорының бірінші орынбасарына жазған хатында «Өкінішке орай, тәжірибедегі біздің қызметкерлер қылмыстық процестік кодексін мұқият «оқи алмайды», ҚПК нормаларын тану және қолдану формальды-заңды әдісін нашар меңгерген, демек, осының салдарынан, көп жағдайда өздері үшін ойдан шығарған проблемалармен соқтығысады» [5] деген пікірімен толықтай келісеміз. Сонымен қатар профессор М.Ш. Қоғамов осы проблеманы шешу жолында «ҚР ҚПК 621-бабында сотқа дейінгі тергеп-тексеру барысында және басты сот талқылауында ынтымақтастық нысанында келісім жасасудың ықтимал салдарларын нақты сипаттау туралы мәселені қарауды ұсынамын: біріншіден, ҚПК 621-бабы нормаларының мағынасында осы келісім немесе оның жекелеген ұстанымдары тергеу немесе істі сотта қарау барысында немесе олармен қатар іске асырылуы мүмкін; екіншіден, жазасын өтеп жүрген сотталған тұлға үшін мұндай келісімнің салдарын неғұрлым нақты сипаттау қажет; үшіншіден, келісім қағазда қалуы және нақты істе қылмыстық қудалау органының кәсіпқойлығына байланысты толық көлемде орындалмауы және бұл жағдайда қалай әрекет етуі керек екендігін [6]» деген пікірі, жанама жолмен ынтымақтастық туралы процестік келісімді қолданудың тәртібін реттеу қажеттілігі туындап жатқанын білдіреді деп пайымдаймыз.

Сонымен қатар, ынтымақтастық туралы процестік келісімге келу туралы өтінішхаты прокурормен қарау мерзімі заңмен реттелмеген. Мысалы, 2017 жылы Қарағанды облысы прокурорына айыпталушы Д. ынтымақтастық

туралы процестік келісімге келу туралы өтінішхат білдірген. Айыпталушы Д. өтінішхаты 8 ай уақыт қаралғаннан кейін ғана берілген.

Осы ретте, Ресей Федерациясының ҚПК сәйкес, 317.2-баптың 1-бөлігінің және 317.3-баптың 1-бөлігінің нормаларында ынтымақтастық туралы сотқа дейінгі келісім жасалуға тиіс мерзім көрсетілмеген. Өтінішті қарау үшін үш күн мерзім ғана көзделеді, ол прокурорды өтінішті қанағаттандыру немесе қанағаттандырудан бас тарту туралы стандартты қаулы шығаруға ғана міндеттейді [7, 128 б.].

Алайда, Ресей Федерациясының қылмыстық процестік заңнамасы бойынша, ынтымақтастық туралы процестік келісім онша ауыр емес және ауырлығы орташа қылмыстар бойынша жасалынады.

Сондай-ақ, прокурорға келіп түскен ынтымақтастық туралы процестік келісімге келу туралы өтінішхатты қолдаудан бас тарту реттілігі де заң жүзінде айқындалмаған. ҚР ҚПК 620-бабына ынтымақтастық туралы процестік келісімді бекіту тәртібі реттелгенімен, өтінішхатты қолдаудан бас тарту реттелмеген.

Келісімге келу тәртібімен қатар, келісімнен бас тарту да реттелуі қажет. Оның үстіне, біздің пайымдауымызша, бұл прокурорлар арасында сыбайлас жемқорлық қатерлердің туындауына алып баратын жолдың бірі.

Ынтымақтастық туралы процестік келісімге өтінішхат келіп түскен сәттен, сол өтінішхатта сипатталған қылмыс бойынша, сотқа дейінгі тергеп-тексеру жүргізіліп, күдіктілер ұсталып және оларға қатысты айыптау үкімдері шыққан жағдайда, осы уақыт аралығында, өтінішхат білдірген адамның өмірі мен денсаулығына қауіп төні қатерін басшылыққа алып, құпиялығы сақталу шартының орындалуы, басты мәселенің бірі болып табылады.

Осы ретте, келісімге келуге өтінішхат білдірген тұлғаның, оның жақын туыстарының өмірі мен денсаулығының қауіпсіздігін қамтамасыз етуде барлық шаралар жасалуы қажет. Бір жағынан, қылмыстық процестік және жедел-іздістіру дәлелдемелерінде алынған ақпаратты пайдалануға үзілді-кесілді заңнамалық тыйым салу дәлелденген. Дәлелдер ынтымақтастық бастамашысының және оның жақындарының өміріне, денсаулығына және беделіне, тергеу органдарына сенімсіздік туғызуына, құпия деректерді және олардың көздерін қорғау туралы мәселенің реттелмеуіне ықтимал қауіп-қатерлерден тұрады [7, 74-75 б.].

ҚР ҚПК 96-бабының 2-бөлігіне сәйкес - өздерімен процестік келісім жасалған күдіктінің, айыпталушының, сотталушының не сотталған адамның, оның жақын туыстарының қауіпсіздігін қамтамасыз ету қажет болған кезде, көрсетілген адамдардың келісуі бойынша ҚР ҚПК және заңдарда көзделген мемлекеттік қорғау және қауіпсіздік шаралары қолданылады. Өтінішхат білдірген тұлғаның өмірі мен денсаулығының және оның жақын туыстарының қауіпсіздігін қамтамасыз ету жолында, одан жауап алуды ҚР ҚПК 98-бабының «Сот талқылауына қатысатын адамдардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету» негіздеріне сәйкес жүргізілген жөн деп санаймыз. Яғни, өтінішхат білдірген тұлғаның жеке басын жарияламастан, бүркеншік атты пайдалана отырып жауап

алу жүргізу қажет. Осы негізде жауап алуды жүргізгенде Л.В. Брусницынның пікіріне «бүркеншілік аты туралы қаулы салынған конвертті қылмыстық іске тігуге және оны кезекті парақ ретінде нөмірлеуге немесе оны істің мұқабасының ішкі жағына желімдеуге болмайды. Мұндай әдіс сот тәжірибесі көрсеткендей, ақпараттың сақталуына ықпал етпейді» [8, 64 б.] онымен толық келісеміз. Өйткені қылмыстық іс құжаттары сотқа түскен кезде қорғану тарабы, яғни сотталушы мен оның қорғаушысы қылмыстық іс құжаттарымен танысу туралы өтінішхат білдірген кезде, конвертті ашып, бүркенші аты қолданылған куәнің жеке басы туралы мәліметтері анықталу ықтималдығы орасан зор. Екіншіден, жасырын куәға ойдан шығарылған тегі мен аты қорғалатын адаммен жынысы қарама-қарсы немесе бірдей болуы мүмкін. Егер қорғалатын адамның жынысына сәйкес келетін бүркеншік атын пайдалану оны сәйкестендіруге мүмкіндік беретін болса, басқа жыныстың шартты аттары мен тектерін қолдануға рұқсат етіледі [8, 64 б.]

Сондай-ақ сот отырысында қорғану тарапынан бүркеншілік аты қолданылған тұлғаның шынайы жеке басын туралы мәліметтерді ашу туралы өтінішхат келтірілуі мүмкін. Өйткені бұл қорғану тарапының объективті түрде қорғануымен сотта жарыспалық қағидасына қарсы келуімен байланыстыруы мүмкін. Осы жағдай жайлы К.Ф. Карибовтың еңбегінде келтірілген мысал бойынша «Айыпталушы П., куәнің шынайы жеке басы туралы ақпаратты ашу туралы өтінішхатын білдірген. Алайда сот өтінішхатты қанағаттандырудан бас тартқан. Адам құқықтары жөніндегі Еуропалық сот (бұдан әрі – АҚЖЕС) куәлардың бүркеншік атпен қылмыстық сот ісін жүргізуге қатысуға рұқсат етеді. Алайда АҚЖЕС айыптау тек қана жасырын куәлардың айғақтарының негізінде ғана құрылып қоймай, басқа дәлелдермен расталуы тиіс [10, 83-90 б.]

Сотқа дейінгі тергеп-тексеру жүргізу барысында, тұлғадан ынтымақтастық туралы процесік келісімге келу түрінде өтінішхат білдірілсе, Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының бұйрығымен 2014 жылғы 19 қыркүйектегі № 89 «Қылмыстық құқық бұзушылықтар туралы арызды, хабарды немесе баянатты қабылдау және тіркеу, сондай-ақ сотқа дейінгі тергеп-тексерулердің бірыңғай тізілімін жүргізу қағидаларын бекіту туралы» өтініш білдірген адамға қатысты тиісінше электрондық статистикалық картаның толтырылуы көзделген. Өтінішхатты сотталған адам білдірген жағдайда, бұл процесс, сотқа дейінгі тергеп-тексеру нысанында жүргізілетін базада орнын таппаған.

Қазіргі таңда, соттармен қаралған ынтымақтастық туралы процесік келісім нысанында аяқталған, шешім тапқан қылмыстық істердің нәтижесінде, Жоғарғы Соттың нормативтік қаулысы да қарастырылмаған. Салыстырмалы түрде, 2016 жылдың 7 шілдесінде № 4 «Соттардың қылмыстық істер бойынша келісімдік тәртіпте іс жүргізу практикасы туралы» Қазақстан Республикасының Жоғарғы Сотының қаулысы қабылданған.

Осыған байланысты, заң шығарушымен немесе құқық қорғау органдарының бастамасымен, «Ынтымақтастық туралы процесік келісімге келуді реттеу туралы» нұсқаулық қажет.

Осының барысында:

- ынтымақтастық туралы процестік келісімге келуді реттейтін нұсқаулықты бекітуді;

- прокурорға келіп түскен ынтымақтастық туралы процестік келісімге келу туралы өтінішхаттарды, тиісінше прокуратурада Электронды ақпаратты тіркеу кітабына, прокуратураның кодтамасымен тіркеуді және осыны реттеуде Қазақстан Республикасының Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитетімен электрондық статистикалық карталарды әзірлеуді;

- ынтымақтастық туралы процестік келісімін жасасу туралы өтінішті мәлімдеген адамдарға құқықтарды міндетті түрде түсіндіру және оған ҚР ҚК 419-бабының «Көрінеу жалған сөз жеткізу», 421-бабының «Куәнің немесе жәбірленушінің айғақтар беруден бас тартуы» құқықтық салдары туралы тармақты енгізу, ҚР ҚПК 78-бабының «Куә» құқықтық салдары туралы бөлек хаттама толтыру арқылы ескертуді;

- өтінішхат білдірген тұлғаны куә ретінде жауап алуды бүркеншік атты пайдалан отырып жауап алуды, визуалды байланыс орнатуды шектеуді және жауап алу барысында оның даусы, бет әлпетін өзгертуді, бүркеншік атты пайдалану туралы қаулыны қылмыстық іс құжаттарына тіркемей, бөлек сақтауды және судьяға жеке табыстауды қамтамасыз етуді;

- өтінішхат білдірген тұлғаға қатысты күдік келтірілмес үшін, оны шынайы өзінің жеке бас мәліметтерін көрсете отырып, оқиға жайлы жауап алу және осы жауапта жауап алынушы тұлға ешқандай мәліметтер көрсете алмауы туралы айтып, өзіне келтірілген күдікті сейілте отырып, оның қауіпсіздігін қамтамасыз етуді;

- ынтымақтастық туралы процестік келісімін жасасу туралы өтініш келіп түскеннен кейін, барлық өтінішхаттарды прокуратураның кодымен Ақпараттарды тіркеу кітабында тіркеуді;

- мәлімделген өтініш бойынша мәлімделген ақпараттың шынайылығына тексеру жүргізу және тексеру аяқталғаннан кейін, мәлім болған ақпараттың негізінде қылмыс жасаған тұлғалардың әшкереленгені, мемлекетке қайтарылған қаражат және тағы сол сияқты мәліметтерді көрсете отырып прокурорлар қорытынды құжат толтыруды;

- есепке алуды тиісті ұйымдастыру мақсатында, прокуратура органдарына келіп түскен ынтымақтастық туралы процестік келісімге келу туралы өтінішхатты, сондай-ақ барлық қолда бар хат-хабарлары құжаттарын, бірыңғай журналда міндетті түрде барлық құжаттарды электрондық форматта тіркеуді ұсынамыз.

#### **Әдебиеттер тізімі:**

1. *Stephanos B. Harmonizing substantive criminal law values and criminal procedure / B. Stephanos // Cornell Law Review. — 2003. — Vol. 88, № 6. — P. 234–245.*

2. *А.Н. Ахпанов, В.А. Азаров, А.О. Балғынтаев. Процессуальные соглашения в уголовном судопроизводстве: законотворческий опыт Республики Казахстан.*



3. Қазақстан Республикасының қылмыстық процесстік кодексі 2014 жылғы 4 шілдегеді №231-V ҚРЗ// (<http://adilet.zan.kz/rus/docs/K1400000226>) – ғаламтор ақпараты.
4. ҚР БП 2020 жылғы аналитикалық мәліметтері – ҚР Бас прокуратурасы мәліметтері.
5. Қылмыстық қудалау органдарының негізгі көрсеткіштері - [pravstat.kz](http://pravstat.kz).
6. М.Ч. Қоғамов. ҚР БП жанындағы Құқық қорғау органдары академиясы мәліметтері.
7. Кирсанов А.Ю. Досудебное соглашение о сотрудничестве: анализ, практика, выводы / А.Ю. Кирсанов. — М.: Юнити-Дана : Закон и право, 2012, 74-75б., 128 б.
8. Брусницын Л.В. Допрос под псевдонимом // Законность. 2003. № 1.
9. Карибов К.Ф. Проблема использования показаний анонимных свидетелей в уголовном процессе в свете решений Европейского суда по правам человека / К. Ф. Карибов // Вестник Московского Университета. – Сер. 11. Право. – 2001. – № 5. – С. 83-90.

**Мырзабекова Гаухар Сериковна**  
Қазақстан Республикасының Бас прокуратурасы жанындағы  
Құқық қорғау органдары академиясының магистранты  
Қазақстан Республикасы, Нұр-Сұлтан қ.

## КҮДІКТІНІҢ ҚЫЛМЫСТЫҚ ПРОЦЕСТЕ ҚОРҒАНУ ҚҰҚЫҒЫН ТЕРІС ПАЙДАЛАНУЫ

***Түйін.** Мақалада «құқықты теріс пайдалану» терминінің мазмұны толық ашылған, сонымен қатар тергеу тәжірибесінен алынған нақты фактілерге сүйене отырып, қылмыстық іс жүргізу барысында қорғау тарапынан қылмыстық сот ісін жүргізуге қатысушылардың құқығын теріс пайдаланудың неғұрлым кең тараған түрлері сипатталған. Күдіктілер, сондай-ақ олардың қорғаушылары тарапынан құқықты теріс пайдаланудың жолын кесу бойынша бірқатар құқықтық және ұйымдастыру шаралары ұсынылған.*

***Түйінді сөздер:** құқықты теріс пайдалану, қорғаушы, күдіктіден жауап алу, беттестіру, жалған айғақ беру.*

***Аннотация.** В статье рассматривается термин «злоупотребление правом», а также описаны наиболее распространенные формы злоупотребления правами участников уголовного судопроизводства со стороны защиты на предварительном следствии, исходя из конкретных фактов, полученных из следственного опыта. Предлагается ряд правовых и организационных мер по пресечению злоупотребления правом со стороны подозреваемых, а также их защитников.*

***Ключевые слова:** злоупотребление правом, защитник, допрос подозреваемого, очная ставка, дача ложных показаний.*

***Annotation.** This article describes the meaning and the most common forms of the abuse of rights made by the crime proceeding's participants according do investigation practice. It has been recommended a number of legal and institutional actions to prevent any abuse of rights by the suspected and their defenders.*

***Key words:** abuse of rights, interrogation of a suspected, confrontation, false testimony.*

Әр мемлекетте адам құқықтары мен бостандықтары бірінші сатыда тұрады, оны қорғау сол мемлекеттің міндеті. Қазақстан Республикасының Конституциясына сәйкес «адам құқықтары мен бостандықтары танылады және оларға кепілдік беріледі» [1]. Адам құқықтары мен бостандықтары әркімге тумасынан жазылған, олар абсолютті деп танылады, олардан ешкім айыра алмайды, заңдар мен өзге де нормативтік құқықтық актілердің мазмұны мен қолданылуы осыған қарай анықталады. Республиканың азаматы өзінің азаматтығына орай құқықтарға ие болып, міндеттер атқарады.

Ал Қазақстан Республикасының Қылмыстық процесілік кодексінде (бұдан әрі – ҚР ҚПК) әр қылмыстық іс қатысушыларының өзіне жүктелген міндеттері мен құқықтары бар [2]. 2015 жылы сот ісін жүргізу принциптерін ҚР ҚПК заң шығарушы органдар қылмыстық процеске қатысушылар құқықтарының тізбесін соңғы рет кеңейтті, бірақ бұл ретте іс жүзінде осы құқықтардың белгілі

бір шеңбермен жүзеге асырылуын шектемеді, барлық жағдайларда оларды іске асырудың негіздері мен шарттарын айқындамай және сол немесе басқа құқықтарға кепілдік беретін нормаларды өзгертудің нақты тәртібін қарастырмады. Сол себептен қылмыстық сот өндірісіне қатысушылар заңнамада көрсетілген құқықтарын теріс пайдалану тәжірибеде орын алып жатады. Ол өз кезегінде қылмыстық істерді тергеуде әртүрлі мәселелер туындауына әкеп соғады. Әсіресе, сотқа дейінгі тергеп-тексеру амалдарын жүргізу кезінде көптеген жағдайда қорғау тарапынан өздеріне берілген құқықтарын өздерін ақтап алу мақсатында теріс пайдалану фактілері белен алған. Оны көп жағдайда қорғалу тактикасы деп қарастырып жатады, бірақ сол күдіктінің субъективтік құқықтарын теріс пайдалануы тергеп тексеру амалдарын толыққанды жүргізуге кедергі жасайды.

Қазақстан Республикасының құқықтық заңнамасында «субъективті құқықты теріс пайдалану» ұғымына түсінік берілмеген, бұл ұғым мәселе деп қарастырылмайды. Тіптен, Ежелгі Римде субъективті құқық, оны теріс пайдалану ұғымы болған. Яғни Ежелгі Римде субъективті құқық деп, басқарылатын тұлғаның мемлекет қорғайтын ықтимал мінез-құлқының өлшемін өзінің оң мүдделерін қанағаттандыруға бағыттауы деп қарастырған. [3]. Субъективті құқықтарды іске асыру екі қарама-қарсы қағидатпен айқындалатын шекараларда жүзеге асырылған. Бір жағынан, адам құқықтық мүмкіндіктерге билік етудің абсолюттік еркіндігіне ие болды және үшінші тұлғалардың мүдделеріне және оларға келтірілген зиянға қарамастан, оларды жүзеге асырудың кез келген тәсілін таңдай алды: *nullus videtur dolo facere, qui iure suo utitur* (егер ол өзіне тиесілі құқықты пайдаланса, ешкім оны қаскөйлік ниет деп есептемейді) [4]. Екінші жағынан, Рим заңгерлерінің жұмыстарында жарлықтар құқық иеленушінің өзіне берілген құқықтарды жүзеге асыруға рұқсат етілген және тиісті деп танылуы үшін кейбір шарттарды сақтау қажеттілігі туындаған.

Біріншіден, өкілетті тұлға субъективті құқықты жүзеге асыру кезінде тек қана заңды және ақылға қонымды мүдделерді басшылыққа алуы тиіс еді.

Екіншіден, субъект адалдық, мейірімділік, ар-ождан қағидаттарына сүйенуі тиіс еді. Ежелгі Римдіктер заң шығарушы құқықтық нормаларды адалдық принципі деп түсінді [5].

Үшіншіден, құқықты іске асыру кезінде өкілетті тұлға үшінші тұлғалардың мүдделерін ескеруі және оларға өз іс-әрекеттерімен зиян келтірмеуі тиіс еді. Мысалы, жалға алушыға жалға берушіге тиесілі затты пайдалану процесінде бүлдіруге тыйым салынды.

Төртіншіден, егер субъективті құқықты жүзеге асыру тәсілі заңмен қатаң анықталған жағдайда, тұлға өз құқығын өзге тәсілмен билік ете алмады. Осылайша, басқа адамдардың құқықтарын шектейтін құқықты жүзеге асырмау субъективті құқықты іске асырудың тиісті емес тәсілі ретінде сараланды [3].

Айтылғанды ескере отырып, Рим заңнамасының мәні бойынша субъективті құқықты теріс пайдалану басқа субъектілерге зиян келтіру мақсатында жүзеге асырылуы деп түсіндірілді.

Осы феноменнің сипатты белгілері: субъективті құқықтың болуы; әрекетті де, әрекетсіздік те арқылы оны іске асыру процесінде ғана құқықты теріс пайдалану мүмкіндігі; құқықтық мүмкіндіктерді олардың мақсатына қайшы пайдалану; үшінші тұлғалардың, қоғамның, мемлекеттің құқықтары мен мүдделеріне зиян келтіруге бағытталған заңды тұлғаның қасақана жасалатын теріс пиғылы. Субъективті құқықты теріс пайдаланудың салдары оған жол берген адамға құқықты қорғаудан бас тарту түріндегі тиісті санкция қолдануы болды. Аталған шараның мәні қаскүнемдік мінез-құлықтың салдарынан пайда болған талап қою құқығынан айырады, бірақ «құқықтың өзін толық жоймайды» [6].

Шет елдерде құқықты теріс пайдалану феномені заңгер-ғалымдардың ғылыми зерттеулерінің тақырыбына және пікірталас тақырыбына айналды. Кейбір ғалымдардың пікірінше, қылмыстық сот ісін жүргізу құқығын теріс пайдалану заңды мінез-құлқы да, құқық бұзушылық та болмаса да, өзін-өзі ұстанатын құқықтық санат болып табылады. Мәселен, О.И. Даровский осы құқықтарды заңды түрде іске асыру процесінде жүзеге асырылатын, бірақ олардың мәні мен мақсатына қайшы келетін, процестің басқа қатысушыларына, қоғамға, мемлекетке зиян келтіретін не келтіруі мүмкін, не өзге де теріс салдарларға әкеп соғатын іс жүргізу құқықтары (өкілеттіктері) бар қылмыстық іс жүргізу құқықтық қатынастарға қатысушының мінез-құлқы ретінде құқықты теріс пайдалануды анықтайды [7].

Іс жүзінде қорғау бағасымен қылмыстық сот ісін жүргізуге қатысушылардың, ең алдымен қорғаушылардың өз құқықтарын теріс пайдалану кең таралған. Сенім білдірушіге заң көмегін көрсету үшін өздерінің білімі мен тәжірибесін пайдалана отырып, олар көбінесе осы мақсатта құқықтық сана мен қылмыстық процеске қатысушылардың мүдделеріне сәйкес келмейтін барлық мүмкін болатын әдістер мен «кез келген құралдарды» қолданады. Мысалға, құқықты теріс пайдалануына қылмыстық сот өндірісі кезінде күдіктіден жауап алу барысына қорғаушының жүйелі араласуын жатқызуға болады. Өз клиентіне кеңес беру құқығына сілтеме жасай отырып, қорғаушылар көбінесе сенім білдірушінің сұрақтарына дербес жауап береді немесе күдікті адамның жауабын түзетеді, ол қорғаушының ниеті бойынша өз айғақтарын дереу өзгертеді. Қорғаушының кеңестерінде тергеуші қойған сұрақтарға дәл жауап болуы мүмкін емес деп ойлаймыз, себебі, ҚР ҚПК нормаларына сәйкес, қорғаушы адамның күдікке, айыптауға, қылмыстың мән-жайына қатысты субъективті пікірі мен ұстанымын өзгерту емес, тек қылмыстық процесте айыпталушының мүддесінде әрекет етуге тиіс. Қорғаушылар тарапынан мұндай теріс пайдаланушылықтың жолын кесу мақсатында аталған шектеулер регламенттелуі тиіс.

ҚР ҚПК 64-бабының 9-бөлім 8) тармақшасында күдікті айғақ беруден бас тартуға құқылы [3], мәжбүрлі түрде айғақ алу заңнамада қарастырылмаған. Әрине, бұл оның субъективті құқығы, бірақ күдікті айғақ беруге келіссе қаншалықты шынайы айғақ беретіні белгісіз, себебі күдікті көрінеу жалған айғақ бергені үшін заңға сәйкес қылмыстық жауаптылыққа тартылмайды.

Оның шынайы айғақ бергенін анықтау тағы да қылмыстық іс жүргізу органдарына жүктеледі. Заңшығарушы барлық сот ісін жүргізуге қатысушылары, тек күдіктіден басқасы, айғақтар беруден бас тартқаны және көрінеу жалған айғақтар бергені үшін заңға сәйкес қылмыстық жауаптылыққа тартылады деп белгілейді. Сол себепті ҚР КПК 64-бабына толықтыру енгізіп, күдіктінің жалған айғақ бергені үшін қылмыстық жауаптылыққа тартуды қарастырған жөн. Күдіктінің өзінің құқықтары мен заңды мүдделерін заңға қайшы келмейтін құралдармен және тәсілдерін қорғауға тиіс.

Сондай-ақ, ҚР КПК 64-бабында күдіктінің таңдаған немесе тағайындалған қорғаушысымен, оның ішінде жауап алу басталғанға дейін оңаша және құпия кездесуге құқығы көзделген, біздің ойымызша, олардың жауап алу алдында заң көмегін алу құқығы толық көлемде іске асырылған [3].

Қорғаушының қатысуымен жауап алу мен беттестіру жүргізу кезінде қорғаушының жауап алу барысына араласуға, жауаптар беруге немесе қандай да бір сұраққа қалай жауап беру керектігі туралы кеңестер беруге құқығы жоқ екенін ескеру қажет.

Жауап алу процесінде тергеушіге осы тергеу әрекетін жүргізудегі бастамаларды және өзінің ұйымдастырушылық рөлін елемеуге болмайды. Беттестіру жүргізу барысында тергеуші жоспарлаған барлық тактикалық тәсілдер мен дәлелдемелерді пайдалана отырып күдіктіден жауап алғаннан кейін ғана, қорғаушыға сұрақ қою құқығын беруге болады. Алынған жауап дер кезінде хаттамаға түсірілсе, күдіктіге қорғаушы ықпалымен өз айғақтарын өзгертуге мүмкіндік болмайды. Сұрақ-жауап барысында қорғаушының кеңесті, болжамды сұрақтары немесе жауаптары қарастырылмайды. Сондай-ақ тергеуші жауап алу процесінде қорғаушының жауап алынатын адамға қандай да бір жауапты вербальды немесе вербальды емес тәсілмен кеңес беруіне жедел әрекет жасап, дайын болу тиіс. Хаттамаға қойылған барлық сұрақтарды, оның ішінде тергеуші қарастырмай тастаған немесе жауап алынатын адам жауап беруден бас тартқан сұрақтарды жазу міндет [8].

Қорғаушылар тарапынан құқықты теріс пайдалану фактілерін құжаттау мақсатында, жауап алу немесе беттестіру жүргізу барысында, қорғаушы тарапынан арандатушылық репликаларды, мысалға, күдіктіге тергеушінің сұрақтарына жауап бермеу, күдікті деп тану қаулысымен таныспау, хаттамаға қол қоймау секілді ұсынымдарын жауап алу барысында сөзбе-сөз хаттамаға еңгізу керек деген пікірдеміз.

Тәжірибелік қызметте күдіктінің қатысуымен жауап алу немесе беттестіру жүргізу барысында қорғаушылардың жанжалды, арандатушылық және қалыпсыз жағдайлар туғызуы орын алып жатады. Мысалы, қорғаушылардың нұсқауларын басшылыққа ала отырып, күдікті тергеу әрекеттерін жүргізу кезінде жауап беруден бас тартып немесе хаттамаға қол қоймауды ұйғарады. Немесе жауап алу мен беттестіру аяқталғаннан соң хаттамаға қорғаушының ықпалы арқылы Қазақстан Республикасының КПК нормалары бұзылды немесе жеке басының құқығы бұзылды, қорлау көрсетілді, я болмаса жауап алған адам тарапынан оған моральдық немесе физикалық

қысым келтірілді деп ойдан шығарған ақпараттар көптеп кездеседі. Сол себептен күдіктіден жауап алу кезінде, әсіресе баттестіру жүргізу кезінде видео немесе аудио техникалық құралды қолдану арқылы жүргізу керек. Техникалық құралдарды қолдану жауап алынып отырған адамға және оның қорғаушысына еркінсуіне кедергі келтіріп, ықпал ететінін, сонымен қоса тергеу әрекетіне қатысушыларды, оның ішінде тергеушіні де жауап алу рәсімін қатаң сақтауға мәжбүр ететінін ескеру қажет. Сонымен қоса бұл күдіктінің өз еркімен дәлелдеме беру фактісін теріске шығару мүмкіндігін болдырмайды.

Егер қандай да бір себептермен жауап алу немесе беттестіру жүргізу барысында техникалық құралдарды қолдану мүмкін болмаса, онда куәгердің қатысуымен, ал олар болмаған жағдайда кейін куә ретінде жауап алуға болатын тергеушінің немесе анықтау органы қызметкерінің тергеу әрекетіне қатысуын алдын ала қамтамасыз ету керек. Сол кезде тергеуші кейін сол қатысқан қызметкерлерден куә ретінде жауап алып жүргізілген тергеу амалдары яғни жауап алу немесе беттестіру қалай жүргізілген мән-жайды анықтап, тергеушіге қойылған талаптар мен ескертулерді анықтап, теріс шығаруға мүмкіндік бар.

ҚР ҚПК қатысушы тұлғаларды хаттамаға қол қоюға міндеттейтін норманың болмауын қорғалу тарапы теріс пайдаланады, күдікті қорғаушының қолдауымен хаттамаға қол қоюдан бас тартады, ал қорғаушы өзінің қатысуын теріс пиғылмен растамау мақсатында қол қоюдан бас тартып жатады, осындай келеңсіз жағдайларды болдырмау себебінен, ҚР ҚПК 199-бабы 7-бөліміне мынадай өзгерту енгізілсе, «Хаттамаға міндетті түрде тергеу іс-әрекетіне қатысқан барлық тұлғалар, жауап алынған адам және оны жүргізген лауазымды адам қол қояды». Сол кезде көрсетілген фактілер белең алмас еді.

Жоғарыда баяндалғандар, қорғау тарапынан қылмыстық сот ісін жүргізуге қатысушылар жол беретін құқықтарды теріс пайдалану сияқты феноменнің іс жүзінде таралуын көрсетеді. Аталған құқықтарды теріс пайдалану қылмыстық сот ісін жүргізу принциптерін бұзады, оған қатысушылардың құқықтарын толыққанды іске асыруына кедергі жасайды. Яғни бұл сот ісін жүргізу тәжірибесінде жүрген адамдар мен ғалымдардың күш-жігерін біріктіріп қылмыстық іс жүргізу барысында құқықтарды теріс пайдаланудың жолын кесу мақсатында ұйымдастырушылық-тактикалық шешімдер мен тәсілдерді әзірлеу керектігін айтады. Сонымен қатар қылмыстық іс жүргізу заңнамасын жетілдіруді қажет етеді.

#### **Әдебиеттер тізімі:**

1. Қазақстан Республикасының Конституциясы 1995 жылы 30 тамыз.
2. Қазақстан Республикасының Қылмыстық процесілік кодексі 2014 жылғы 4 шілде № 231-V ҚРЗ.
3. Римское частное право: учебник / под ред. И.Б. Новицкого, И.С. Перетерского. М., 2009. С. 66.
4. Гай. Институции / под ред. В.А. Савельева, Л.Л. Кофанова; пер. с лат. Ф.М. Дыдынского. М., 1997. С. 368.
5. Памятники римского права: Законы XII таблиц. Институции Гая. Дигесты Юстиниана. М., 1997. С. 541.
6. Хвостов В.М. Натуральные обязательства по римскому праву. М., 1898. С. 423.

7. Даровских О.И. *Злоупотребление правом в уголовном судопроизводстве России: автореф. дис. ... канд. юрид. наук.* – Челябинск, 2013.

8. Файзрахманов Н.Ф. *Тактические приемы допроса и очной ставки в условиях противодействия расследованию // Допрос: процессуальные и криминалистические проблемы (памяти профессора Н.И. Порубова): Сборник материалов 55-х криминалистических чтений: в 2-х ч.* – М.: Академия управления МВД России, 2014. – Ч. 2.

**Насурллаев Саидмурод Рашидович**  
магистрант Академии Генеральной прокуратуры  
Республики Узбекистан  
г. Ташкент, Республика Узбекистан

## **ПЕРСПЕКТИВЫ ВНЕДРЕНИЯ ИНСТИТУТА ФИНАНСОВЫХ РАССЛЕДОВАНИЙ В УГОЛОВНЫЙ ПРОЦЕСС**

***Түйін.** Мақалада қылмыстық процеске қаржылық тергеу институтын енгізу перспективалары қарастырылған. Мақсаты Өзбекстан Республикасының қылмыстық процесік заңнамасында қаржылық тергеу институтының жұмыс істеу тәртібін талдау болып табылады. Қаржылық тергеу институтының заңнамага және оны жүйелі түрде реттеу қажеттігі анықталған және негізделген. Халықаралық тәжірибе негізінде қосарлама қаржылық тергеу жүргізу туралы ұсыныстар берілді.*

***Түйінді сөздер:** қылмыстық процесс, қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыру, терроризмді қаржыландыруға қарсы күрес, қаржылық тергеу.*

***Аннотация.** В статье рассмотрены перспективы внедрения института финансовых расследований в уголовный процесс. Целью является анализ порядка функционирования института финансовых расследований в Уголовно-процессуальном законодательстве Республики Узбекистан. Выявлена и обоснована необходимость института финансовых расследований в законодательство и его систематического регулирования. Выдвинуты предложения о проведении параллельных финансовых расследований на основе международного опыта.*

***Ключевые слова:** уголовный процесс, легализация доходов, полученных преступным путем, борьба с финансированием терроризма, финансовое расследование.*

***Annotation.** This article discusses the prospects for the introduction of the Institute of financial investigations in the criminal process. The purpose of the article is to analyze the functioning of the Institute of financial investigations in the Criminal procedure legislation of the Republic of Uzbekistan. The necessity of introducing financial investigations into the legislation and systematically regulating it has been identified and justified. In addition, proposals were made to conduct parallel financial investigations based on international experience.*

***Key words:** criminal procedure, legalization of proceeds from crime, fight against terrorist financing, financial investigation.*

На сегодня легализация доходов, полученных преступным путем, борьба с финансированием терроризма стали актуальными проблемами мирового масштаба. Этот процесс также относится к Республике Узбекистан, которая развивается экономически, и тот факт, что легализация преступных доходов является главным препятствием для развития экономики государства еще больше повышает ее значимость. По мнению экспертов международного уровня совершенствование уголовного и уголовно-процессуального законодательства в соответствии с международными стандартами обеспечивает создание эффективной системы в этой сфере.



В Республике Узбекистан ведется большая работа в борьбе с раскрытием преступных доходов. В частности, в обращении Президента Республики Узбекистан к Верховному Собранию Республики Узбекистан от 24 января 2020 г. сказано “Основные законы и кодексы, относящиеся к судебной сфере, были приняты почти 20-25 лет назад и не отвечают требованиям текущего периода. Поэтому Парламенту стоит принять в ближайшие годы новые кодексы гражданской, уголовной, уголовно-процессуальной, уголовно-исполнительной, административной ответственности. В этой связи, прежде всего, особое внимание следует уделить внедрению передовых стандартов в области прав человека в следственную и судебную практику” [1].

На практике органы предварительного следствия в первую очередь игнорируют процесс, связанный с возмещением ущерба, сосредоточивая свои силы на раскрытии преступлений, выявлении виновных, состава преступления между предметом доказывания и обстоятельствами. Кроме того, тот факт, что количественные критерии, используемые для оценки состава преступления, четко не установлены, несоответствие в соотношении совершенных и раскрытых преступлений, а также отсутствие организационных и финансовых ресурсов при ведении уголовных дел еще более усложняют процесс. В связи с этим необходимо ввести в функции уголовного процесса положения об обязательном и своевременном принятии мер, направленных на обеспечение возмещения вреда, причиненного преступлением. Настало время ввести институт финансовых расследований в законодательство и систематически регулировать его.

Согласно минимальным экспертным заключениям по показателям легализации доходов от преступной деятельности и финансирования терроризма, ежегодно публикуемым на стороне Базельского Института управления (Швейцария), за 2012-2019 годы Узбекистан оценивается в среднем на 5-6 баллов при расчете в 10-балльной системе оценки. Несмотря на то, что этот показатель ниже, чем у стран Центральной Азии, он считается значительно выше, чем у стран, расположенных у Балтийского моря. По данным “Basel AML 2019-2019” Узбекистан занимает 50-е место среди 125 стран в этом рейтинге по незаконному выводу капитала [2].

По информации Генеральной прокуратуры Республики Узбекистан в феврале 2020 года, в ходе прокурорских расследований и предварительного следствия в общей сложности изъято 2 трлн 341 миллиард сум компенсации ущерба у виновных лиц, но данная цифра составила всего 58 % от общей суммы ущерба, причиненного в указанный период [2].

На международном уровне создана конкретная правовая база для создания института финансовых расследований. В частности, Узбекистан ратифицировал Соглашение о Евразийской группе по противодействию легализации доходов, полученных преступным путем, и финансированию терроризма (Москва, 16 июня 2011 года). Но оговорки, заключенные в ходе утверждения, к сожалению, не позволяют применять его нормы

непосредственно на практике. Поэтому в ближайшее время необходимо будет рассмотреть этот вопрос.

Успешное решение указанной проблемы обусловлено необходимостью включения института финансового расследования в национальное уголовно-процессуальное законодательство. Как совокупность уголовно-процессуальных норм, регулирующих правоотношения в рамках предварительного расследования и на стадии исполнения приговора, институт финансового расследования предусматривает проведение внутреннего и международного розыска, возникновение правовых оснований для изъятия денежных средств и имущества из состава преступления.

В процессе разработки новой редакции Уголовно-процессуального кодекса необходимо рассмотреть перспективы введения параллельного финансового расследования, а также практику проведения предварительного расследования некоторых экономических преступлений. Некоторые из вышеперечисленных категорий преступлений могут быть отнесены к следующим преступлениям, указанным в Уголовном кодексе Республики Узбекистан:

1. Статья 182 «Нарушение таможенного законодательства»
2. Статья 188 «Незаконная деятельность по привлечению денежных средств и иного имущества»
3. Статья 177 «Незаконное приобретение или сбыт валютных ценностей»
4. Статья 167 «Хищение путем присвоения или растраты» [3].

Практика, связанная с расследованием экономических преступлений, свидетельствует о том, что отсутствие обязательного финансового расследования или иной аналогичной процедуры в уголовном процессе приводит к тому, что имущество, полученное в результате преступной деятельности, не выявляется и происходит легализация этого имущества.

#### **Список литературы:**

1. <http://www.uzembassy.kz/ru/news/vystuplenie-prezidenta-respubliki-uzbekistan-shavkata-mirzjeeva-na-sovmestnom-zasedanii-zakonodatelnoy-palaty-i-senata-oliy-mazhlisa>
2. Русанов Г.А. Противдействие легализации (отмыванию) преступных доходов: учеб.пособие для бакалавриата и магистратуры / Г.А. Русанов. — М.: Издательство Юрайт, 2018. — 157 с. — (Серия: Бакалавр и магистр. Академический курс).
3. Уголовно-процессуальный кодекс Республики Узбекистан от 22.09.1994. <https://lex.uz/docs/111463>

**Никитин Евгений Львович**

профессор Санкт-Петербургского юридического института (филиал)  
Университета прокуратуры Российской Федерации  
к.ю.н., доцент, старший советник юстиции  
Санкт-Петербург, Российская Федерация

## **ПРОБЛЕМЫ ОБЕСПЕЧЕНИЯ ПРОКУРОРОМ ЗАКОННОСТИ ОПЕРАТИВНО-РОЗЫСКНОЙ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ ПРАВОВЫМИ СРЕДСТВАМИ ФУНКЦИИ УГОЛОВНОГО ПРЕСЛЕДОВАНИЯ**

***Түйін.** Мақалада прокурордың жедел-ізвестіру қызметінің заңдылығын қамтамасыз ету мәселелері талқыланады. Басылым ЖІҚ заңдылығын қамтамасыз ету үшін қадағалау функциясының заңды құралдарын және прокуратураның бақыланбайтын функцияларын жан-жақты қолдану қажет деген қорытындыға келді. Автор тағайындалған салада қылмыстық қудалау функциясын жүзеге асырудың маңыздылығын атап өтеді, сонымен бірге қылмыстық қудалау функциясын жүзеге асыруда прокурордың құқықтық құралдарының шеңберін кеңейту мүмкіндігі мен қажеттілігін негіздейді.*

***Түйінді сөздер:** жедел-ізвестіру қызметінің заңдылығы, прокурордың жедел-ізвестіру қызметінің заңдылығын, прокуратураның функцияларын, қылмыстық қудалау функциясының заңды құралдары.*

***Аннотация.** В статье рассматриваются проблемы обеспечения прокурором законности оперативно-розыскной деятельности. Делается вывод о необходимости комплексного применения правовых средств функции надзора и ненадзорных функций прокуратуры для обеспечения законности ОРД. Автор отмечает важное значение реализации функции уголовного преследования в обозначенной сфере, а также обосновывает возможность и необходимость расширения круга правовых средств прокурора при реализации функции уголовного преследования.*

***Ключевые слова:** законность оперативно-розыскной деятельности, обеспечение прокурором законности оперативно-розыскной деятельности, функции прокуратуры, правовые средства функции уголовного преследования.*

***Annotation.** The article discusses the problems of ensuring the legality of the operational-search activity by the prosecutor. The publication concludes that there is a need for a comprehensive use of legal means of the oversight function and the non-oversight functions of the prosecutor's office to ensure the lawfulness of the ARD. The author notes the importance of the implementation of the criminal prosecution function in the designated area, and also justifies the possibility and necessity of expanding the range of legal means of the prosecutor in the implementation of the criminal prosecution function.*

***Key words:** The legality of the operational-search activity, the provision by the prosecutor of the legality of the operational-search activity, the functions of the prosecutor's office, the legal means of the function of criminal prosecution.*

В современных условиях обеспечение законности оперативно-розыскной деятельности (далее – ОРД) прокурором имеет первостепенное значение [1]. В организационно-распорядительных документах Генеральной прокуратуры

Российской Федерации, определяющих порядок и периодичность проведения прокурорских проверок [2], декларируется приоритетное значение прокурорского надзора за исполнением законов в этой сфере, необходимость его активизации, усиления и развития. Однако, характеризуя фактическое состояние прокурорского надзора за исполнением законов в ОРД в Российской Федерации, на сегодняшний день следует отметить его пока еще недостаточно совершенный уровень. Несмотря на стабильно высокое количество выявляемых и устраняемых нарушений законности в сфере ОРД согласно статистическим сведениям и возросшую активность уполномоченных прокуроров ситуация пока не является идеальной (См.: Решение Коллегии Генеральной прокуратуры РФ от 15 февраля 2018 г. «Об итогах работы органов прокуратуры за 2017 год и о задачах по укреплению законности и правопорядка на 2018 год»).

Как показало проведенное исследование в настоящее время обеспечить законность ОРД исключительно средствами прокурорского надзора достаточно сложно, поскольку их существующий объем представляется недостаточным, не соответствующим поставленным целям и задачам деятельности органов прокуратуры в сфере обеспечения законности ОРД. Кроме того, сам порядок их применения законодательно урегулирован не в полной мере, что создает дополнительные сложности при их практической реализации [3].

Ограниченность правовых средств прокурорского надзора может быть частично компенсирована системным применением правовых средств ненадзорных направлений (функций) прокурорской деятельности [4]. При этом, многими специалистами считается, что основная функция прокуратуры – надзорная, которая реализуется через различные направления единой прокурорской деятельности [5]. Существование надзорной функции не исключает объективного существования и реализации, других функций прокуратуры [6], в том числе производных. Таким образом, обеспечение законности ОРД может достигаться реализацией функции уголовного преследования, возложенной на органы прокуратуры. Функция уголовного преследования рассматривается нами и иными авторами [7], как производная от надзорной функции. При этом ранее некоторыми авторами прокурор не рассматривался в качестве субъекта уголовного преследования, а только как представитель органа, осуществляющего надзор во всех стадиях уголовного судопроизводства [8]. С учетом изменений уголовно-процессуального законодательства и законодательства о прокуратуре в современных условиях данный подход стал достоянием истории юридической науки.

Потребность в применении правовых средств уголовного преследования потенциально возникает у органов прокуратуры в двух случаях. Во-первых, при выявлении в ходе прокурорской проверки признаков преступления, совершенного сотрудником органа, осуществляющего ОРД, либо лица, оказывающего содействие на конфиденциальной основе.

Например, Госненской городской прокуратурой Ленинградской области было направлено в суд уголовное дело по обвинению оперуполномоченного, который обвинялся в том, что за взятку в сумме 2,5 тысячи долларов США

умышленно уничтожил оперативно-служебные документы о выявленном наркопреступлении и изъятое наркотическое средство (Информационное письмо Генеральной прокуратуры РФ «О состоянии прокурорского надзора за исполнением законодательства о противодействии незаконному обороту наркотиков» от 19 апреля 2006 г. №29-5-2006).

Решения об уголовном преследовании принимались прокуратурой и в отношении руководителей оперативно-розыскных служб. В частности, Тюменским областным судом был осужден бывший начальник УСБ ГУВД России по Тюменской области за совершение преступлений, предусмотренных ч. 1 ст. 286 УК РФ и ч. 4 ст. 159 УК РФ, связанных с фальсификацией дел агентов с целью хищения денежных средств, предназначенных на выплату их вознаграждения («Обзор о состоянии законности при осуществлении оперативно-розыскной деятельности и практике прокурорского надзора за исполнением законов в указанной сфере». Письмо Генеральной прокуратуры Российской Федерации от 27 марта 2017 г. №36-11-2017 г.).

Во-вторых, инициировать уголовное преследование необходимо, когда при изучении оперативно-служебных материалов прокурор приходит к выводу о наличии достаточных данных для решения вопроса о представлении результатов ОРД и принятии процессуального решения о возбуждении уголовного дела в отношении лиц, являвшихся объектами оперативной проверки или разработки.

Так, в Приморском крае при изучении дела оперативного учета (ДОУ), заведенного для проверки информации об организации и осуществлении незаконной игровой деятельности с использованием информационно-телекоммуникационных сетей, выявлен факт непредставления в орган расследования результатов ОРД, свидетельствующих о совершении фигурантом дела преступления, предусмотренного пунк. «а» ч. 2 ст. 171-2 УК РФ. Таким же образом, в Липецкой области при проверке ДОУ прокурором установлено, что оперативными сотрудниками УМВД не приняты должные меры к реализации, имевшейся в материалах дела информации о мошеннических действиях П. и Л. В органы предварительного расследования была передана только часть результатов ОРД, а иные, имевшиеся в деле оперативные документы, содержащие сведения о многочисленных эпизодах покушения этих лиц на мошенничество, длительное время оставались без внимания оперативных сотрудников. В обоих случаях прокурор инициировал уголовное преследование в рамках действующего уголовно-процессуального законодательства Российской Федерации.

Вместе с тем, в настоящее время российский прокурор ограничен в процессуальных возможностях применения правовых средств уголовного преследования в досудебном уголовном производстве. Несмотря на то, что формально-юридически прокурор является должностным лицом, уполномоченным в пределах компетенции, предусмотренной УПК РФ, осуществлять от имени государства уголовное преследование в ходе уголовного судопроизводства в целом (ч. 1 ст. 37 УПК РФ), у него практически

не осталось реальных правовых средств уголовного преследования на досудебных стадиях уголовного судопроизводства. В рамках реформы (с 2007 г.) прокурор в досудебном производстве утратил право: проводить проверку сообщения о преступлении (в порядке ст. 144 УПК РФ), принимать решение о возбуждении уголовного дела, расследовать преступление как в полном объеме, так и проводить отдельные следственные действия, право процессуального руководства расследованием, а также дачи письменных указаний следователю о ходе и направлении расследования (данное право сохранилось только по отношению к дознавателю). Не реализуя в полном объеме функцию уголовного преследования в досудебном уголовном производстве, как это было ранее, прокурор сохранил отдельные, по своей сути и правовой природе скорее надзорные полномочия, способствующие реализации функции уголовного преследования другими субъектами.

